

**С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина  
университеті**

**ҚазҰМУ 80-жылдық мерейтойына арналады**

**С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ  
ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
МЕДИЦИНАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ҮЛГІСІ**

**3-ші бөлім  
БІЛІМ БЕРУ ҮЛГІЛЕРІ МЕН ӘДІСТЕРІ**

**Алматы, 2011ж.**

УДК 378+61  
ББК 74.58  
М 74

А.А.Ақанов, В.И.Ахметов, М.А.Абирова, А.Д.Қызаева, Б.С.Турдалиева, Г.М.Есенжанова,  
О.М.Мырзабеков, А.С.Қаракүшікова, С.Р.Керимбаева, А.М.Қаржаубаева  
Редакционная коллегия: Е.А.Славко, К.К.Мустафина, Э.К. Карлова

Аудармашылар: Алибаева Р.Н., Исаева Ж.Т., Калысбаева А.И.

**М 74 С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-ң медициналық білім беру үлгісі. Шығ.1.**  
– Алматы: С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ, 2011. – 3.Б - 53 б.

ISBN 978-601-246-225-8

Мемлекетпен Болондық декларацияға қол қойылғаннан кейін, Қазақстан Республикасында білім беру жүйесінің сапалық өзгерістері, халықаралық білім кеңістігінде білім беру жүйелерінің шоғырына қабілетті. С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университеті-Университеттердің Ұлы Хартиясына қол қойған Университеттердің бірі.

Қазақ Ұлттық медицина университетінде білім беруді дамыту бағытының негізгісі – оқуда сапалы жаңа жүйеге жақындау жолы негізімен соңғы үлгідегі мамандарды қалыптастыру. Осы бойынша, Университеттің білім беруді дамытудың жаңа алгоритмдері қарастырылған 4 жеке бөлімнен тұратын осы кітап сериясы арналған.

Бірінші кітапта жеке дербес пәндердің білім беру деңгейінің құзыреттілігі ашық көрсетілген.

Екінші кітап - студенттің дербес білім алу траекториясын ары қарай таңдауына, мамандықтар бойынша білім беру траекториясын құруға, МЖМБС – 2006 негізімен рұқсат етілген дербес пән элективтері көрсетілген кешенді жасауға, құзыреттілігі есептелген білім беру бағдарламаларын өңдеуге арналады.

Білімге, қойылған мақсаттарға қол жеткізу мен нәтижелік сапасын қамтамасыз ету үшін, Университет үшінші кітапқа білім берудің инновациялық үлгісі туралы баяндауларды тереңірек енгізді.

Білім берудің жаңа жүйесі оқушының біліктілігін бағалауда, бағаланушы біліктілік құрамына және білім беру деңгейіне байланысты басқа тәсілдерді талап етеді. Бұл мәселелер төртінші кітапта қарастырылған.

Еңбек жинақтары магистрлер, резиденттер, студенттер мен медициналық Жоғарғы оқу орындарының оқытушыларына, білім саласындағы мамандарға және оқу мекемелерінің басшыларына арналады.

Кітапты дайындау барысында ҚазҰМУ қызметкерлері қатысты: Б.Г.Исаева, З.Б.Исина, А.В.Балмуханова, М.У.Муқанов, С.А.Есенкулова, Ш.К.Батырханов, С.С.Сарсенбаева, С.А.Амиреев, К.А.Тулбаев, Ж.Д.Бекмагамбетова, Н.Ж.Жайыкбаев, К.Н.Алимханов, М.Е.Жоламанов, А.И.Саттаров, Ж.Б.Уразалин, Т.К.Супиев, Б.Ж.Нысанова, М.А.Камалиев, Ж.К.Бурибаева, Т.Т.Оспанов, У.М.Датхаев, Г.О.Устенова, А.М.Қаржаубаева, Т.К.Зайсамбаев, Р.Н.Дарменкулова, Ж.Т.Исаева, А.Е.Таттибаева, Б.Канленова, К.Бураханова, Э.Жаксыбаева, Т.Б.Кастеева, М.А.Рамазанова, Ж.Т.Исаева, А.Б.Адильбекова және фармация факультетінің студенттері В.Определеннов, А.Ақанов, емдеу факультетінен А.Бақытжанұлы, М.Темірханова.

Рецензия авторлары: медицина ғылымдарының докторы М.У. Анартаева  
педагогика ғылымдарының докторы Т.О. Балыкбаев

УДК 378  
ББК 74.58

ISBN 978-601-246-225-8 (Б.3)  
ISBN 978-601-246-213-5 (жал.)

©С.Ж.Асфендиярова атындағы ҚазҰМУ  
© «Эверо»ЖШС баспа

## МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ .....	4
1. Білім беру әдістерін жіктеу .....	6
1.1.1. Медициналық білім берудің дәстүрлік жүйесіне шолу және оны талдау .....	10
1.1.2. Оқытудың белсенді әдістерін жіктеу.....	12
1.1.3. Интерактивті оқыту.....	13
2. Медициналық білім беретін жоғарғы оқу орындарындағы білім беру үлгілері..	22
3. Медициналық жоғарғы оқу орындарындағы оқу үрдісінде қолданылатын әдістер .....	26
3.1.1. Медициналық ЖОО оқытудың перспективалық әдіс-тәсілдері .....	31
3.1.2. Командалық – бағыттық әдіс-тәсіл (Stefan Bauschard) .....	34
3.1.3. Медициналық білім саласындағы жеке тұлғалық – бағыттық әдіс-тәсіл .....	35
4. Медицинада мәселелі – бағытталған оқыту .....	39
4.1.1. Кәсіби мамандарды дайындау әдісі ретіндегі мәселелі – бағытталған оқытуды құрудың және дамытудың тарихы.....	40
4.1.2. Оқытудың әдістері және мәселелі-бағытталған оқытуда студент білімінің бағалануы .....	43
4.1.3. Мәселелі-бағытталған оқыту әдісін пайдалана отырып, оқу үрдісін ұйымдастыру.....	44
ҚОРЫТЫНДЫ.....	51
ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР .....	52

## КІРІСПЕ

XX ғасырдағы классикалық медициналық білімнің оқытушыдан оқушыға бір жақты ғана берілуге құрылғаны және бұл дәрістің ең басты құралы болып саналғаны белгілі. Алайда, бұл әдіс бүгінгі таңдағы талаптарды қанағаттандырмайды. XX жүз жылдықта білім алу оқытушының қатаң басқаруымен жүзеге асып отырған (дәстүрлі білім беру); ал студенттер селқос тыңдаушы-конспект жазушы («есте сақта, есіңе түсір, елестет») ғана болып қала берді; білім беру бағдарламасы жеке пәндерді оқуға негізделді; білім алу уақыт жағынан созылып кететіндіктен, студенттер жеке пәндер бойынша білімдерін жинақтай алмады. Мұндай білім берудің ең басты кемшілігі, дәрігер-студенттің сыни ойлау қабілетін дамытпауы болып табылады. ( А.А.Ақанов және серіктес авторлар..., 2009).

ЖОО-ны бітірген мұндай түлектер анатомия, гистология, биохимия т.б. пәндер бойынша іргелі білім алумен ғана шектеледі де, осы алған білімдерінің тәжірибе жүзінде қаншалықты қажет екенін толық түсінбей кетеді. Қорытынды білімді бағалауда тест тәрізді әдістер, алған ақпаратқа сараптама жасау және жүйелеу мүмкіндігінен айырып, барлық ақпараттар пен алынған білімнің ауқымын «құрғақ» сұрақ-жауаппен ғана өлшейді.

Ұзақ уақыт қолданылып келген, білімді селқос қабылдауда құрылған білім берудің әдіс-тәсіл жүйесі қазіргі заман талабында өзекті емес және оған жол берілмеуі керек. Алдыңғы қатарлы қоғамы бар, жаңа нарықтық экономикасы, болашағы дамыған мемлекетке, жаһандық білімге негізделген, жоғары бәсекелестікке бағытталған басқа білім мен басқа мамандар қажет.

XXI ғасырдағы жаңа мәселелер мен қоғамның сұранысын қанағаттандыру үшін және жаңа мәселелерді шешу үшін халықаралық деңгейдегі мамандар қажет. Мемлекет жаһандану жағдайында бәсекелестікке қабілетті, экономикалық білімге негізделген жаңа мамандарға зәру.

Бүгінгі медицина саласындағы студенттердің XXI ғасырдағы медицина мәселелерін шеше алатындай, денсаулық сақтау мен медициналық тәжірибенің талаптарын қанағаттандыра алатын, «ертеңгі» білікті дәрігерлер қатарына қосылуы үшін білім беру дайындығы қайта қаралуы тиіс.

Көптеген алдыңғы қатарлы мемлекеттер дәстүрлі білім беруден бас тартып, өнімсіз дәрістерден өздерін жақсы көрсететін интербелсенді білім беру тәсіліне көшті. Білім берудің жаңа парадигмасына сәйкес, студенттер енді селқос тыңдаушы емес, олар - білім беру үрдісіне қатыстырылған – айтыстарға, пікірталастарға, қызу талқылауларға белсенді түрде араласады. Жаңа білім берудің әдіс-тәсілдерін енгізудің арқасында, студенттер сабақ уақытында алған білімдерін интеграциялау, сараптау, бағалау және қолдану, яғни мәселелерді өз беттерімен шешу, сонымен қатар шешім қабылдау үшін сыни ойлау сияқты қабілеттерін дамытады, жоғары деңгейдегі танымдық, ақыл-ой дағдыларын қалыптастырады.

Студенттер білім алу кезінде бұдан басқа аффективті қабілеттерге ие болады, мұның астарында тұлға аралық қарым-қатынас дағдылары, топта жұмыс жасау, басшылық дағдылары, үнемі өзін-өзі дамыту дағдылары жатыр. Жаңа парадигма студенттерге білім алу кезінде ынта мен көбірек тәуелсіздік мүмкіндігін беруді талап етеді.

Қазақстан Республикасының 2006-2010жж. Концепциясына сәйкес, Қазақстанда медициналық білімнің жетілген жаңа үлгісі, дайындық жүйесі, дәрігерлерді қайта дайындау, білім сапасын бағалау және халықаралық деңгейдегі талаптарды ескере отырып, медицина мен фармация саласының мамандарының кәсіптік деңгейдегі біліктілігін арттыру шаралары ендігі жүзеге асырылуы тиіс. Бұл тұжырымдама мақсатқа жету үшін «...Білім мазмұнын өзгерту, білім беруде жаңа технологияларды енгізу» сияқты басты мәселені қарастырады. Медициналық және фармациялық білім бағдарламасының мазмұнын өзгерту, сапасын жақсартуға бағытталған, Медициналық Білімнің Дүниежүзілік Федерациясы жасаған, халықаралық стандартқа жүгінеді. «Медициналық және фармациялық білім дәлелдеулерге негізделген, әлеуметтік-экономикалық жағдайының ерекшеліктері, денсаулық жағдайы, әр түрлі аймақтардағы Қазақстан халқының ауруының сипаты, сонымен қатар медициналық көмек көрсетудің түрлері суреттелген медицинаның жан-жақты ғылыми негізінде іске асуы тиіс. Білім үрдісіне жаңа технологияны

кеңінен енгізу жоспарлануда...». Жаңа білім беру технологиялары дегеніміз – ол мәселелерге бағытталған білім беру және білім саласындағы тәжірибе мен инновациялық техника, білім берудегі интербелсенді әдіс. Білім берудегі жаңа әдістер білім беру үрдісінде дәлелденген медицина ұстанымдарын, шет тілін терең меңгеру және оқу үрдісінде клиникалық пәндермен қоса базалық пәндерде де шетелдік баспа және электронды оқулықтарды белсенді қолдану, қажетті ақпаратты және т.б. іздеу үшін Интернет-ресурстарын кеңірек қолдануды қарастырып отыр.

Білім берудің жаңа технологиялары дегеніміз – тәжірибелік дағдыларды үйренудегі сөзсіз жаңа тәсіл, бұл дегеніміз дәлдебер (муляж), фантом, стандартталған аурулардың әдісін қолдану, сонымен қатар білім беру тәсілі түлектердің біліктілігін және студенттердің білімін бағалау жүйесінде негізгі өзгерістерін де қарастырады. Дәрігер-студенттерге, ЖОО-ның профессор-оқытушылар құрамының деңгейіне қойылатын талаптарды жоғарылату – университет дамуындағы болашағы және жетістігі бар қажетті жағдай болып табылады. ҚазҰМУ, инновациялық бағдарлама мен жоба аясында жаңашыл ретінде, оқу үрдісінде және медициналық білім жүйесін жетілдіруде жаңа педагогикалық технологияларды енгізу жағынан көшбасшы болуы керек.

Авторлар барлық ескертулер мен ұсыныстарды қабылдап, келесі басылымдарда қарастыратын болады.

## 1 тарау. Білім беру әдістерін жіктеу

«Әдіс» термині табиғат құбылыстарын зерттеу үрдісін, олардың шынайы болмысын анықтау үшін болып жатқан құбылыстарды игеру жолдарын жоспарлау деген мағынаны білдіретін грек сөзінен («methodos» - «зерттеу») шыққан.

Педагогика ғылымында «оқыту әдісі» оқу үрдісінің ең маңызды бөлігі болып табылады. Сәйкес келмейтін әдіс-тәсілдермен оқу үрдісіндегі білім міндеттері мен мақсаттарын іске асыру, оқушылардың оқу материалдарының белгілі-бір ауқымын меңгеруіне қол жеткізу мүмкін емес. Қазіргі кездегі көптеген педагогтар мен оқытушылар оқыту әдісі деп, оқу материалдарын пысықтау арқылы белгілі-бір мақсатқа қол жеткізуге бағытталған, оқытушы мен студенттің қарым-қатынасының жүйелі алмасуын әдіс деп түсінеді. И.Я.Лернердің дәлелдеуі бойынша, «кез-келген әдіс, тиісті көзделген мақсаттың нәтижесіне қол жеткізуге әкелетін, адамның жүйелі іс-әрекетін жете түсіну жүйесі болып табылады».

Қазіргі заманғы педагогикада білім беру әдісінің 250-ден аса түрі бар. Білім беру әдісінің көп бөлігі ақпараттық сипатта болып отыр. Мұндай білім беру тәсілінде оқытушы ақпаратты тасушы болып қана табылады және оған білім үрдісінде белсенді рөл берілген, ал студентке оған берілген ақпаратты жай ғана қабылдаушы және оны селқос тындаушы рөлі ғана бөлінген. Білім берудің осындай әдіс-тәсілдерінің нәтижесінде болашақ мамандар үлкен ауқымды ақпаратты тасушы болып қала береді, нақты жұмыс жасау барысында болған жағдаяттарды өз беттерімен шеше алмайды. Техниканың қарқынды дамуы жас мамандардың жұмысында қосымша қиындықтар туғызады. Қазіргі заман қоғамы мен уақыт талаптарына сай мамандарды оқыту үшін, оқыту үрдісінде студенттің, оқытушының рөлін өзгертетін, соған сәйкес, оқушылардың біліктілік деңгейін бағалайтын жаңа құралдарды, сонымен қатар, ғылыми-техникалық прогресті қолдану жетістіктері мен жас маманның өз пайымын талап ететін, оқытудың жаңа әдістерін енгізуде белгілі-бір мәселелер туындайтыны сөзсіз. Бүгінгі күнде білім беру әдістері ЖОО-ның түлектері еңбек шығармашылығына қажетті біліктілік қорына ие болу үшін бағытталуы керек.

Оқу үрдісіндегі білім беру әдістерінің барлығы төмендегідей қызмет атқарады:

- білім беруші (оқытудың мазмұны мен мақсатын тәжірибеде іске асырады);
- дамытушы (оқушылардың даму деңгейін мейлінше жетілдіру);
- тәрбиелік (тәрбие нәтижесіне әсер етеді);
- қозғаушы (танымдық шығармашылыққа жағдай жасаушы, білім алуға қозғаушы құрал ретінде қызмет атқарады);
- бақылаушы-түзетуші (анықтау және оқу үрдісін басқару).

Оқытудың әдіс-тәсілдері өздерінің қызметін іске асыру кезінде, мынадай қызметтік міндеттерді алып жүреді:

• өзара қарым-қатынастың барлық деңгейдегі жетекші жүйесін анықтау: «оқытушы – білім алушы», «білім алушы – білім алушы», «оқытушы – білім алушы топ» т.б.;

• білім алушылардың танымдық шығармашылығын ұйымдастыру құралы ретінде қызмет атқарады;

- оқытушының іс-әрекеті тәсілдерінің жүйесін анықтайды;
- білім алушылардың оқу шығармашылығының амал жүйесін қалыптастырады;
- ұжымға және жеке білім алушыларға тәрбиелік жағынан әсер ететін құрал болып табылады;

Педагогикалық үрдістің негізі болатын бөлігі болып ([http: www.medbio-kgmu.ru/cgi-bin/go.pl?=-549](http://www.medbio-kgmu.ru/cgi-bin/go.pl?=-549)):

- мақсаты – не үшін оқу керек (оқыту);
- мазмұны – нені үйрену керек (оқыту);
- әдіс-тәсілдері мен құралдары – қалай оқу керек (оқыту);

Білім алудың мазмұнын, әдіс-тәсілдері мен құралдарын таңдау білім алудың мақсатына негізделген.

Мақсат қойылған келесі талаптарды қанағаттандыруы керек:

- білім алушының мүмкіндігіне барынша зер салып, бейімделу керек;
- орындаушы;
- жете түсіну;
- олардың қол жеткізген мүмкіндіктері мен жағдайларына сәйкес өзгергіш, икемделгіш болу;
- білім алу мекемелері нақты болуы және ескерілуі керек;
- бақыландымды.

Алайда, білім берудің әдіс-тәсілдерінің әр түрлілігіне қарамастан, жалпылама түрде әдістердің барлық жіктелу сипатын беретін біртұтас, дара жіктеу әлі күнге дейін жоқ. Түрлі авторлар оларды жүйеге келтіру үшін әр түрлі тәсілдер мен әдістерді қолданады. Қазіргі заманғы педагогикада білім беру әдіс-тәсілдерінің бірнеше жіктеуі бар:

1. Дәстүрлі жіктеу, ақпарат көздері негізгі критерий ретінде қарастырылады. Бұл жіктеу білім беру әдісінің бес тобын бөліп көрсетеді:

- тәжірибелік (тәжірибе, жаттығу);
- көрнекілік (иллюстрация, демонстрация, білім алушыларды бақылау);
- ауызша (түсіндіру, ұғындыру, әңгімелесу, сұхбат, дәріс, пікірсайыс, пікірталас);
- кітаппен жұмыс (оқу, зерттеу, реферат, дәйексөз алу, көз жүгірте қарау, конспект, эссе);
- видеоәдіс (қарау, үйрену, жаттығу, бақылау).

2. Оқыту және дидактикалық мақсат сипатындағы әдіс бойынша жіктеу. Критерий – дидактикалық үрдіс кезеңдерінің алмасуы. Соған сәйкес білім беру әдіс-тәсілдерін кезең бойынша жіктейді (Е.И.Перовский, Е.Я.Голант, Д.О.Лордкипанидзе):

- білімді игеру;
- шеберлік пен дағдыны қалыптастыру;
- білімді қолдану;
- шығармашылық қызметті қалыптастыру;
- білімді, шеберлікті, дағдыны бақылау және бекіту.

3. Білім алушылардың танымдық қызметінің сипатына қарай әдіс-тәсілдерді жіктеу (М.А.Данилов, Б.П.Есипов және т.б.):

- ізденуші;
- түсіндіруші-иллюстрациялық;
- репродуктивті;
- мәселелік мазмұндау;
- эвристикалық (жеке-ізденуші);
- зерттеуші.

4. Әдіс-тәсілдің бұлай жіктелуі шынайылыққа жетудің әр түрлі кезеңдеріне негізделген: «жанды пайымдау», абстрактілі ойлау (ұғыну, талдап қорыту, сараптама) және тәжірибе:

• эмпирикалық материалдың жиналуын, бақылауын ұйымдастыру (И.Я.Лернер, М.Н.Скаткин);

• талдап қорытатын шындыққа негізделген мәліметтерді теориялық өңдеу;

• талдап қорыту мен шешімнің дұрыстығын тәжірибелік жағынан тексеру, шынайылықты, құбылыс пен болмыстың, мазмұн мен форманың сәйкестігін анықтау.

5. Кейінгі кезде педагогикада білім беру үрдісінің әдіс-тәсілдері былай жіктелуі мүмкін:

• олардың рөлі және болмыстық күштің дамуы, психологиялық үрдіс, рухани-шығармашылық белсенділік;

• білім алушылардың жас ерекшелік үйлесімділігі;

• олардың тәрбиелік ықпалының нәтижелілік дәрежесі, сананы қалыптастыру әсеріне, білім алушының іс-әрекетін ынталандыруына және ішкі түрткісіне.

6. Академик Ю.К.Бабанский білім беру үрдісінің әдіс-тәсілдерін үш топқа бөлуді ұсынды:

- оқу-танымдық шығармашылықты іске асыру және ұйымдастыру әдісі;

- оқу-танымдық шығармашылықты негіздеу және ынталандыру әдісі;
- оқу-танымдық шығармашылықтың нәтижелілігін бақылау және өзін-өзі бақылау әдісі.

Ю.К.Бабанскийдің жіктеуіне сәйкес, оқу-танымдық шығармашылықты ұйымдастыру әдіс-тәсілдерінің тобына төмендегідей әдістерді жатқызуға болады:

- перцептивтік (оқу ақпаратын сезім мүшелері арқылы қабылдау);
- ауызша (дәріс, сұхбат, әңгімелесу, жаттығулар және т.б.);
- көрнекілік (көрсету, иллюстрация, презентация және т.б.);
- тәжірибелік (тәжірибе, жаттығу, тапсырмаларды орындау);
- логикалық, яғни ойлау іс-әрекетін ұйымдастыру және іске асыру (индуктивтік, дедуктивтік, аналогиялық және т.б.);
- гностикалық (зерттеушілік, ізденушілік, репродуктивтік);
- оқу іс-әрекетін өз бетімен басқару (құрал, кітаппен өз бетімен жұмыс істеу т.б.);
- білім берудің ойын түріндегі әдіс-тәсілі (рөлдік ойындар, идеялар генерациясы т.б.);
- бағдарламаланған білім беру әдісі;
- компьютерленген білім беру әдісі;
- гипнозедиялық әдіс (гипноздық ұйқы кезіндегі білім беру);
- ситуациялық әдіс (жағдайлық тапсырмаларды шешу, әр түрлі жағдайларды бейнелеу т.б.);

Білім алуға ынталандырушы әдіс-тәсілдерге мыналар жатады:

- оқуға деген қызығушылығын қалыптастыру әдіс-тәсілдері (танымдық ойындар, пікірталастар, мәселелік жағдайлар туғызу т.б.);
- оқуға деген жауапкершілік пен міндеттілікті қалыптастыру әдіс-тәсілдері (ынталандыру, мақұлдау, жазғыру т.б.)


Бақылау және өзін-өзі бақылау әдіс-тәсілдеріне – студенттердің білім деңгейін бағалауды ұйымдастыру емтиханды ауызша, жазбаша және компьютерленген түрде тапсыру, ептілік пен дағдыны бағалау жатады.

7. Оқытушы мен студенттің рөлдерін, сонымен қатар оқу үрдісі кезіндегі өзара қарым-қатынасын негізге ала отырып, білім беру әдіс-тәсілдері үш үлкен топ құрайды:

1. Пассивті әдіс-тәсілдер
2. Белсенді әдіс-тәсілдер
3. Интерактивті әдіс-тәсілдер

**Пассивті (селқос) әдіс-тәсіл** дегеніміз – оқытушы негізгі ықпал етуші тұлға және сабақ барысының басқарушысы, ал студенттер оқытушыға тәуелді, селқос тыңдаушы рөлін атқаратын оқытушы мен студенттің арасындағы қарым-қатынас формасы. Пассивті сабақ барысында оқытушының студентпен байланысы сұрақ-жауап, өзіндік бақылау жұмыстары, тест жұмыстары, т.б. арқылы жүзеге асады. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялардың көзқарасы жағынан және селқос әдіс арқылы студенттердің оқу материалдарын меңгеруі нәтижесіз, бірақ, соған қарамастан, оның да кейбір жақсы жақтары бар. Ол оқытушы жағынан сабаққа жеңіл дайындық пен сабақтың шектеулі аз уақытында өте үлкен мөлшердегі оқу материалын жеткізу мүмкіндігі. Осындай жақсы жақтарына қарай отырып, көптеген профессор-оқытушылар құрамы басқа әдіс-тәсілдерге қарағанда селқос әдіс-тәсілді қолдап келеді. Кейбір жағдайларда, әсіресе студенттер пәнді оқуға бағытталған нақты мақсатты алдына қойған кезде, бұл әдіс тәжірибелі педагогтардың қолында сәтті іске асуы мүмкін. Дәріс – селқос әдіс-тәсілдің ең кең тараған түрі болып табылады (1-сурет).






1 - сурет. Пассивті әдіс

Медициналық ЖОО-да оқытудың пассивті әдісіне мыналар жатады:

- монолог-дәріс
- бақылау
- баяндау
- түсіндіру
- сұхбат
- көрсету (демонстрация)
- оқулықпен жұмыс.

**Белсенді әдіс** – сабақ барысында оқытушы мен студент өзара бірлесе әрекет ететін және бұл жерде студент пассив (селқос) тыңдаушы болып қалмай, белсенді түрде қатысып отыратын, оқытушы мен студенттің өзара әрекеттесу формасы. Егер пассивті әдісте негізгі әрекет етуші және сабақ менеджері оқытушы болса, бұл жерде оқытушы мен студент тең құқыққа ие. Егер оқытудың пассивті әдісінде өзара әрекеттесудің беделге бағытталған стилі ұсынылатын болса, белсенді әдісте демократиялық стиль басымырақ. Көптеген зерттеушілер белсенді және интербелсенді әдіс арасына теңдік белгісін қояды, алайда, ортақ жақтары көп болғанына қарамастан, олардың айырмашылықтары да көп. Интербелсенді әдісті, қазіргі белсенді әдістердің неғұрлым жаңашыл формасы ретінде қарауға болады (2 кесте).




2 - сурет. Белсенді әдіс

Медициналық ЖОО-дағы оқытудың белсенді әдістеріне мыналар жатады:

- зертханалық практикумдар (материалдық нысандарды, препараттарды, муляждарды, құралдарды, макеттерді зерттеу, зертханалық жұмыстарды орындау);
- клиникалық тапсырмаларды шешу, моделдерге немесе науқастарға мануалдық әрекеттерді орындау (пальпация, перкуссия, аускультация, қанды тоқтату, жасанды тыныс алғызу және т.б.);
- оқу-рөлдік, иммитациялық, оталық әрекеттер;
- іскерлік ойындар;
- ой түрткі (миға шабуыл);

- студенттің оқу және зерттеу жұмысы;
- студенттің ғылыми-зерттеу жұмысы.
- 



3 - сурет. Интерактивті әдіс

**Интерактивті әдіс.** Интерактивті («Inter» - өзара, «act» - әрекет ету) - өзара әрекет ету, сұхбаттасу режимінде болу, біреумен әңгімелесу дегенді білдіреді. Басқаша айтқанда, белсенді әдістерден айырмашылығы сол, интербелсенді әдіс студенттің оқытушымен ғана емес, бір-бірімен де өзара кеңірек қарым-қатынасқа түсуіне бағытталған және студенттің оқу үрдісіндегі белсенділігін арттыруға негізделген. Интерактивті оқытуда оқытушының орны студенттің іс-әрекетін сабақтың мақсатына жетуге бағыттауға арналады. Оқытушы сонымен қатар сабақтың жоспарын (әдетте, бұл оны орындау барысында студент материалдарды оқып игеретін интерактивті жаттығулар мен тапсырмалар) жасайды (3-кесте). Бұдан шығатын қорытынды, интерактивті сабақтың құрамдас бөлігі студент орындайтын интерактивті жаттығулар мен тапсырмалар болып табылады. Интерактивті жаттығулар мен тапсырмалардың әдеттегі тапсырмалардан маңызды ерекшелігі сол, студент оны орындай отырып оқыған материалды бекіткеннен гөрі жаңа материалды көбірек игереді.

Сондай-ақ оқыту әдістері соған сәйкес оқыту әдістерімен үйлесетін: ақпараттық-жинақтаушы және орындаушы, түсіндіруші және репродуктивті, құралдық-практикалық, өнімді-практикалық, түсіндірмелі-қозғаушы, бөлшектік-ізденушілік, қозғаушылық және ізденістік жіктеулер ұсынылады (М.И. Махмутов). Білім бастаулары мен логикалық негізде оқыту (Н.М. Верзилин), білім бастаулары мен оқушының оқу үрдісіндегі өз бетінше дайындалу деңгейі (А.Н. Алексин, И.Д. Зверев және т.б.) жіктеулері тұрғысынан келу көбірек қолданылуда. В.Ф. Паламарчук пен В.И. Паламарчук білім бастауы, танымдық белсенділік деңгейі мен білім алушының еркіндігі, сондай-ақ білімдік танымның логикалық жолы бірге түйісетін оқыту әдістемесінің үлгісін ұсынды. Әдістердің төрт жағы: логикалық-мазмұндық, бастаулық, процессуалдық және ұйымдастыру-басқарушылық жіктемені С.Г. Шаповаленко ұсынды. Әдістерді жіктеу мәселесінде әр түрлі көзқарастардың болуы – ол туралы білімдердің дифференциациясы мен интеграциясының табиғи үрдістерін көрсетеді. Олардың табиғатына көпқырлылық және кешендік тұрғыдан келу керектігін айқындай түседі.

### 1.1.1. МЕДИЦИНАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ ДӘСТҮРЛІК ЖҮЙЕСІНЕ ШОЛУ ЖӘНЕ ОНЫ ТАЛДАУ

Қазіргі кезде қолданылып жүрген болашақ дәрігерді дипломға дейін дайындау кезеңдерінің негізгі ұстанымдарының түп тамыры неміс университеттерінің дәстүрлерінен шығады, сонымен

қатар дипломға дейін білім беруге әр түрлі кафедралар өткізетін теориялық та, клиникалық та көптеген пәндер кіреді.

Білім беру бағдарламасының көлемі мен қажетті материалдарының мазмұны, пән бойынша дәрісханалық және дәрісханадан тыс сағаттар саны, бақылау түрлері жоғары кәсіби білім берудің мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкес белгіленеді (МЖБС). Тәуелсіз Қазақстан Республикасы пайда болғаннан бері МЖБС 2003, МЖБС 2005 және МЖБС 2006 жасалып, мына мамандықтар белгіленді:

- «Стоматология»
- «Емдеу ісі»
- «Педиатрия»
- «Медициналық-биологиялық іс»
- «Санитарлық-гигиеналық іс»
- «Фармация»

Медицина университетіндегі білім беру үрдісі дәрігер-студенттердің МЖБС аясында қажетті мазмұнда білім алуға, сондай-ақ маманның біліктілік сипатына негізделген білім беру мақсатына жетуге бағытталған.

Типтік МЖБС-ға сәйкес оқу кезінде студент төмендегідей пәндерді оқып-игереді: гуманитарлық, әлеуметтік-экономикалық, математикалық, ғылыми-жаратылыстану, медициналық-биологиялық, кәсіби пәндер және мамандықтар. Басқалары тәрізді оқу жоспарын құрудың дәстүрлі үлгісінің де артықшылығымен қатар, кемшіліктері де бар. Медициналық білім берудің дәстүрлі үлгісінің күмәнсіз артықшылығына:

- студенттердің жалпы білім беретін және мамандандырылған кафедраларда әр түрлі пәндерді жүйелі оқитындығын;
- білім берудегі сабақтастық – оқу үрдісінде түрлі пәндерді белгілі бір анық жүйелі бірізділікпен: базалық білімнен қолданбалы, теориялық және іргелі білімнен клиникалық, жалпы пәндерден жеке пәндерге қарай бағытталуы арқылы жүзеге асуын;
- өздері беретін пәндері бойынша терең білімді, ғылыми және практикалық жұмыстармен айналысатын, яғни өз саласы бойынша маман болып табылатын жоғары білікті педагогикалық кадрлардың болуын;
- «бір саланың мамандары» болып табылатын оқытушылардың басын қосатын, яғни олардың ары қарай жетілуілеріне және шығармашылық өсулеріне ықпал ететін кафедралардың болуын;
- болашақ ғылым мамандары болатын студенттердің жекелеген пәндерді тереңірек оқу мүмкіндігінің болуын;
- жекелеген пәндер бойынша іргелі білім алуды, аса маңызды пәндерді «жаттап алуға» күш салуды, тәжірибелі дәріскерлердің оқылатын материалдарының негізі болып табылатын дәрістерін (<http://www.mma.ru/article/id27140?print=1>) жатқызуға болады.

Дәстүрлі медициналық жоғары мектептердің нақты артықшылығы әр уақытта студенттердің теориялық та, клиникалық та пәндер бойынша терең білім алуына бағытталуы болатын. Дәстүрлі білім беруде бұрын да, қазір де студенттердің клиникалық ойлау негізін қалыптастыруға негіз болатын, оларды «науқастың төсегінің жанында» оқытуға, клиникалық бақылауды талдау мен көрсетуге, практикалық дағдыларды меңгертуге көп көңіл бөлінетін және әлі де көп бөлінуде.

Алайда, теориялық және клиникалық терең танымы болса да, медициналық жоғары білім берудің шешуді қажет ететін кемшіліктері де бар (Н.О. Бартош, Н.С. Подчерняева <http://www.mma.ru/article/id27140?print=1>):

- төменгі курс студенттерінің іргелі пәндердің болашақ дәрігердің практикалық іс-әрекетіне деген маңызын толық түсіне алмайтынын ескерместен, студенттерге базалық пәндерді оқытуға шамадан тыс уәж айту;
- білікті маман қалыптастыруға қажетті білім көлемін ұлғайтуға негізделген және оқытушылардың әрбір пән бойынша неғұрлым терең білім беруге ұмтылуына байланысты, оқу жүктемелерінің көп болуы;

- медицина ғылымы мен тәжірибесінің «түйіскен» жерлерінде қалыптасатын жаңа курстарды оқу үрдісіне енгізудің қиындығы;
- адамды – оның физиологиялық және патологиялық ерекшеліктерімен қоса оқытатын ең соңғы қорытынды пән туралы студенттерде жалпы әрі тұтас (үйлесімді) түсініктің жеткілікті дәрежеде қалыптаспауы.

### 1.1.2. ОҚЫТУДЫҢ БЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРІН ЖІКТЕУ

Қазіргі кезде оқытудың белсенді әдістерін жіктеуге әркім әр түрлі тұрғыдан келеді. Оларды бір-бірінен ажырататын белгілер ретінде: тыңдаушылардың белсенділік деңгейі, оқу-танымдық және ойындық іс-әрекеттердің сипаты, ойындық өзара әрекеттерді ұйымдастыру тәсілдері, сабақтың өту орны, олардың мақсаттары, қолданылатын имитациялық үлгілердің түрлері және басқалар жатады.

Белсенді оқытудың ең көбірек қолданылатын әдістеріне оқу-танымдық іс-әрекеттер сипатына негізделген әдістер жатады. Оларға: кәсіби іс-әрекетті имитациялауға негізделген имитациялық әдістер және имитациялық емес әдістер жатады. Өз кезегінде имитациялар ойын түрінде және ойын түріндегі емес болып бөлінеді. Сонымен қатар ойындық еместерге нақты жағдайларға талдау (НЖТ), нұсқау бойынша әрекет ету т.б. жатады. Ойын түріндегі әдістерге:

- іскерлік ойындар;
- дидактикалық және оқу ойындары;
- ойын түріндегі жағдайлар;
- ойын түріндегі әдіс-тәсілдер мен шаралар;
- белсенді тренингтер.

Сонымен қатар, ойын шаралары мен тәсілдерге жекеленген, бірлі-жарымды ұстанымдарды жүзеге асыру жатады. Бірінші кезекте дәрістер мен оқытудың басқа түрлерін белсендірудің түрлі үлгілері, ойын түріндегі педагогикалық тәсілдер, белсендірудің әр түрлі құралдары жатады. Мысалы, оқытушы жүзеге асыратын көрнекі құрал ретіндегі нақты жағдайға талдау жасау тәсілі бар дәрісті, жоспарланған қатесі бар дәрісті, проблемалық дәрісті, проблемалық ұстанымды жүзеге асыратын – шығармашылық тапсырманы, пресс-конференциялық дәрістерді, пікірталас-дәрістерді, сұхбат-дәрістерді, диалогтық қарым-қатынас ұстанымдарын айтуға болады.

Ойын түріндегі жағдаяттар іскерлік ойындарға элементтер құрамы мен формалды құрылымы, ойын алаңындағы тәртіп ережесі (саны жағынан) сәйкес келмейтін екі немесе одан да көп ұстанымдар жатады. Ойындық жағдайға мысал ретінде ашық түрде ұсынылатын, талқылауға кімнің, қашан, кім болып (баяндамашы, сыншы, арандатушы) сөйлейтіні, қарсы пікір айтатыны жоспарланбаған пікірталас сабақтарды жатқызуға болады. Сонымен қатар рөлдік ойындарға, театрланған ойындарға, қарапайымдалған басқару тренингтеріне негізделген жағдаяттар да жатады. Егер ойын түріндегі жағдай негіз ретінде қолданылған, бірақ қатысушылардың әрекеттері формалды, яғни бағалаудың қатаң жүйесі, ережесі, іс-әрекеттердің реті, регламенті болса, оны дидактикалық ойын деп есептеген жөн.

Іскерлік ойындарға элементтердің барлық жиынтығын жүзеге асыратын, яғни белсенді оқыту әдістеріне тән белсендендіру ұстанымдарының барлық кешендері кіреді.

Имитациялық емес әдіс ретінде – жұмыс орнында тәжірибеден өту, бағдарламалық оқыту, проблемалық дәрістерді, оқуды бітіру жұмыстарын түсінеміз. Бағыты бойынша олар: танымдық іс-әрекеттердің уәжділігі, оқу ақпараттарын хабарлау; кәсіби шеберлік пен дағдыны қалыптастыру, үздік тәжірибелерді игеру, оқыту нәтижелерін бақылау болып ажыратылады.

Тапсырманың шешімін іздестіруде қатысушылардың әрекеттерінің түрі бойынша мына әдістер ажыратылады: пәндердің немесе әрекеттердің белгілері бойынша дәрежелену; үрдістер мен құрылымдарды оңтайландыру; әрекет ету тактикасын таңдау, ұрыс-керіс жағдайында тіл табысу; зерттеу, басқару немесе әлеуметтік-психологиялық тапсырмаларды шешу; назар аудару, ойлап табу,

ойлау мен басқа қабілеттердің ерекшелігі мен жылдамдығын және басқаларын көрсететін дағдылар тренингі мен көрсетілімдері.

Білім беру үрдісіне қатысушылар саны бойынша оқыту әдістерін даралық, топтық және ұжымдық деп жіктеуге болады.

Сондай-ақ оқыту әдістерін олардың өтетін орындарына байланысты: дәрісханалық және дәрісханалық емес, көшпелі, экскурсиялық деп, ал техникалық құралдарды қолдану бойынша: компьютермен қамтамасыз етілген ойындар, дистанциялық оқыту деп бөлуге болады.

### 1.1.3. ИНТЕРАКТИВТІ ОҚЫТУ

Интерактивті оқыту формасын енгізу – медициналық ЖОО-да студенттерді даярлауды жетілдірудің маңызды жолдарының бірі. Негізгі әдістемелік инновация бұл күндері интерактивті оқыту әдістемелерімен тікелей байланысты. Оқытудың интерактивті әдістемелерін пайдалану – «сәнге айналған» үрдістерге бой ұру емес, бұл – уақыт туғызған қажеттілік.

Білім беру қызметі нарығында көшбасшы елдердің тәжірибелеріне жасалған талдаулар (негізінен АҚШ пен Еуропа) жаңа технологияның тиімділігін дәлелдеп шықты. Бұл күндері отандық білім беру жүйесінің алдында өте маңызды міндет – білім берудегі әлемдік көшбасшылардың алдыңғы қатарлы тәжірибелерінің негізінде нарықтық экономика жағдайында қажетті болашақ маманды – ЖОО- түлегін даярлау, алынған білімінің тиімділігі және қазіргі заман жағдайындағы оның кәсіби біліктілігінің ұтымдылығы мәселелерін шешуге бағытталған өзіндік, ұлттық, қазақстандық білім беру үлгісін жасау.

Қазіргі жағдайда дәрігерді дайындау денсаулық сақтаудың да, сондай-ақ жалпы қоғамның да сұраныстарына сәйкес болуы керек, сонымен қатар дәрігер тар көлемдегі кәсіби міндеттеріне ғана құзырлы емес, қоғамдық денсаулық сақтау, нақтама қою мен емдеудің жаңа әдістемелері, дәлелді медицина негіздері мәселелеріне оңай бағыт ұстай алуы тиіс, айналада болып жатқан өзгерістерге еркін бейімделе алуы керек. Елімізде көрсетілетін медициналық көмектің сапасы медициналық білім берудің сапасына тікелей қатысты.

Қазір медициналық ЖОО-дағы білім беру үрдісінде дәстүрлі білім беру мен инновация арасындағы сабақтастық өзекті болып табылады. «Кеңестік» медицина мен медициналық білім берудің жақсы жақтарын сақтау және дамыту қажет. Бұлар – гуманизм, мейірімділік, кәсібіне деген сүйіспеншілік, аянбай еңбек ету, белсенді өмірлік ұстаным және жоғары кәсіби шеберлік.

Кәсіби шеберлік дегеніміз – науқастар мен қоғам кәсіби міндеттерін орындау барысында маманнан талап ететін білім, дағдылар, ұстанымдар мен өзін-өзі ұстау ережелері; бұл ұғымға сондай-ақ өзінің білімін үнемі толықтырып отыру мен қажетті кәсіби деңгейден төмендемеу де жатады.

ЖОО-дағы дәстүрлі білім беру үрдісінде оқытушы мен студент көп қарым-қатынасқа түседі, оқытушы студенттің оқу барысын, оқу материалдарын игеруін үнемі бақылап отырады. Басқаша айтқанда, бұл диалогтың жемістілігі оқытушының мына мәселелерді дұрыс шешуіне байланысты:

- Оқу мақсатын анықтау және студент үшін осыдан шығатын уәжділік;
- Белгілі-бір мазмұнды материалды (дәріс) беруді жүзеге асыру және студентке оны түсіндіру (семинар). Мұнымен қоса оқытушы оқу материалдарының әдістемелік қызметін де қоса шешеді;
- Студенттің білімін бақылау.

Оқытудың бұл үлгісі директивті сипатта болады. Оқытудың директивті үлгісінде оқыту нәтижелері оқу үрдісі мазмұнын ұтымды ұйымдастыру есебінен, яғни белсенді, бастамашыл ақпарат ағыны оқытушы жағынан болады біржақты ғана диалог жүзеге асады. Алынған ақпаратты қайта тыңдау бұл жағдайда механикалық түрде болады: студенттің белсенділігін, оқу үрдісінде оның қызығушылығы қаншалықты екенін анықтау біршама қиын. Оқытудың директивті үлгісінің негізгі ұстанымдары: дәлдік, даусыздық, ұсынылғандардың анықтығы (көп мөлшердегі дәрістер);

қорытынды бақылау, сабақтан тыс уақытта берілетін өзіндік жұмыстарға көбірек көңіл бөлу болып табылады, ал мұнда жазбаша жұмыстар қарастырылмаған (<http://www.unesco.kz>).

Оқыту әдістерінің ақпараттық, педагогикалық жаңа технологияларын қолдана отырып, істің қазіргі күйін, білімді тасымалдаушы ретіндегі оқытушының рөлін жай ғана өзгертіп қоймай, оқытушыны менторға, тәлімгерге, әріптеске, басшыға, студенттің өз бетінше жасайтын шығармашылық жұмысының бастамашысына айналдырып, медициналық ЖОО-дағы білім беру жүйесін жетілдіруге болады.

Қазақстандағы білім беру қызметтері нарығының дамуы және ақпараттық технологиялар талабы жағдайында, сабақ оқытудың директивті практикасы мен қазіргі, инновациялық сипаттағы интерактивті оқыту үлгілерімен үйлесіп отыруы тиіс.

Интерактивті оқыту әдісінің артықшылығы сол, ол білім, шеберлік, дағды мен бағдар беріп қана қоймайды, мәселелерді шешуге жағдай жасап, жан-жақты, шығармашылық тұрғыдан дамыған, креативті және коммуникативті дағдыларды меңгерген, халықаралық деңгейдегі маманның қалыптасуына ықпал етеді. Интерактивті оқыту әдісі алынған теориялық білімді де, сондай-ақ практикалық дағдыларды да орындауды жүзеге асыруы тиіс. Дәрігер студенттер оқу және әдістемелік әдебиеттермен, оның ішінде қазіргі компьютерлік технологиялармен (электронды оқулықтар, кітаптар, дәрістер презентацияларын, фильмдер, тестілер т.б.) белсенді жұмыс істеуі қажет, муляждарды пайдалана отырып, рөлдік ойындар арқылы практикалық дағдыларды қалыптастыруы, кейс-стади кезінде клиникалық ойлау мен талдау жасау қабілетін дамытуы, топтармен жұмыс істеуде, пікірталастарда, коммуникативті дағдылар мен деонтология негіздерін қолдануды үйренуі тиіс. Интерактивті оқыту әдісі дәрігер студенттерге мәселелерді шешу дағдылары мен шешім қабылдауды үйренуге көмектеседі, ең бастысы, клиникада жұмыс істеу жағдайында тиімді әрекет етуге сенім пайда болуына жәрдемдеседі. Яғни, интерактивті оқыту әдісін қолдану дәрістер мен семинар сабақтарында алынатын теорияны практикамен байланыстыруға көмектеседі. Интерактивті оқыту әдісінің тағы бір артықшылығы – оқу ұстанымын білім алушылардың белсенді араласуы нәтижесінде бір сағаттық сабаққа сыйғызуға болады. Интерактивті оқыту әдісі кезінде оқытудың әртүрлі әдістерін қолданумен қатар, оқытушы студенттер рөлдік ойындарда («емдеуші дәрігерлер», «пікір айтушылар», «қарсыластар») жағдайыттық тапсырмаларды шешуге белсене араласуға жағдай туғызуға тырысады, бұл студенттер арасында коммуникативтік дағдылардың, корпоративтік рухтың, дұрыс бәсекелестіктің дамуына алып келеді.

Интерактивті оқыту әдісінің табиғаты мен түрлеріне және олардың медициналық білім беруде қолданылуына нақты тоқталайық. «Интерактивті» ұғымы ағылшынның «interact» («Inter» - өзара, «act» - әрекет ету) сөзінен шыққан. Интерактивті оқыту – танымдық іс-әрекеттерді ұйымдастырудың арнайы формасы. Ол нақты және болжамды мақсаттарға негізделген. Осындай мақсаттардың бірі студент немесе тыңдаушы өзінің табыстылығын, ақыл-ой жағынан толыққанды екенін, сезінетін жағдай туғызу, сол арқылы оқу үрдісін өнімді ету.

Интерактивті оқыту – білім беру үрдісіне қатысушылардың өзара диалогтық формасына негізделген таным тәсілі; нәтижесінде білім алушыларда өзара әрекет ету қалыптасатын, қарым-қатынасқа толы оқыту. Бұл – «барлығы біреуін, біреуі барлығын оқытатын» әдіс (В.С. Дьяченко бойынша <http://www>).

Интерактивті оқыту әдістеріне:

- Проблемалық мазмұндамалар;
- Презентациялар;
- Пікірталастар;
- Кейс-стадилер;
- Топпен жұмыс;
- Ой түркі (миға шабуыл);
- Сыни тұрғыда ойлау;
- Викториналар;
- Шағын зерттеулер;

- Іскерлік ойындар;
- Рөлдік ойындар;
- Insert әдісі;
- Шұғыл сауал;
- Сауалнамалар.

Әрбір әдіске мұқият тоқталамыз.

Ой түрткі (миға шабуыл, ағыл. brainstorming) –талқылауға қатысушыға шешімнің неғұрлым көп нұсқасын айтуға мүмкіндік туатын, шығармашылық белсенділікті ынталандыруға негізделген проблемаларды шешудің шұғыл әдісі. Сонан соң, айтылған барлық пікірлердің ішінен практикада қолданылуы мүмкін сәтті идеяларды іріктеп алады.

XX ғасырдың 40-жылдары Алекс Осборн құрастырған, кейін кең тарап кеткен атақты ой түрткі (миға шабуыл) (ол дегеніміз – мимен шабуылдау, ол дегеніміз – брэйнсторминг) идея іздеудің бірінші тарихи әдісі болды. Дұрыс ұйымдастырылған ой түрткі міндетті үш кезеңнен тұрады:

1. Мәселенің қойылуы. Бастапқы кезең.
2. Басты идеялар.
3. Шешім қабылдау.

*Кейс-стади.* Бұл әдістің «отаны» Америка Құрама Штаттары, Гарвард университетінің бизнес мектебі болып табылады. Алғаш рет ол 1924 жылы қолданылған. Кейс-әдістің пайда болуы мен дамуының мәдени негізі «түрткіден» немесе «оқыстан» болған. Кейс-әдіс академиялық теорияны нақты оқиғаларға көзқарас тұрғысынан көрсетіп беруге мүмкіндік береді. Ол «оқып жатқан пәнге студенттің қызығуына мүмкіндік береді, әр түрлі жағдайларды сипаттайтын ақпараттарды жинау, өңдеу және талдау» дағдылары мен білімдерді белсенді игеруге мүмкіндік береді (О.Г. Смолянинова). Кейс-стади әдісі әртүрлі практикалық дағдылардың дамуына ықпал етеді. «Олар бір ғана сөйлеммен – проблеманы шығармашылық тұрғыдан шешу және жағдайға талдау жасай алу және шешім қабылдай алуды қалыптастыру» (О.Г. Смолянинова). Кейс-стади әдісі төмендегі дағдыларды дамытады:

1. Талдау жасау дағдылары. Оларға: мәліметтерді ақпараттардан ажырата алу, шынайы және жалған ақпараттарды ашып көрсету, жіктеу, оларды талдау, ұсыну және табу, қалыс қалған ақпараттарды табу және оны қалпына келтіре алу жатады. Анық және нақты ойлау. Бұл, әсіресе, ақпарат жоғары сапалы болмаған жағдайда маңызды.

2. Практикалық дағдылар. Кейсте берілген нақты жағдаятпен салыстырғанда күрделілік деңгейі төменірек мәселелер, экономикалық теорияларды, әдістер мен ұстанымдарды практикада қолдану дағдыларының қалыптасуына ықпал етеді.

3. Шығармашылық дағдылар. Бір ғана логикамен case-жағдаятты шешу мүмкін емес. Логикалық жолмен табу мүмкін болмағандықтан, шығармашылық дағдылар мен баламалы шешімдер өте маңызды.

4. Коммуникативтік дағдылар. Олардың ішінен пікірталас жүргізе алу, айналадағыларды сендіре алу сияқтыларды бөліп көрсетуге болады. Көрнекі құралдар мен басқа медиа-құралдарды қолдану, топ болып ұйымдасу, өзінің көзқарасын қорғау, қарсыластарды сендіру, қысқа әрі сенімді есеп жасау.

5. Әлеуметтік дағдылар. Кейс-стадиді талдау барысында белгілі-бір әлеуметтік дағдылар қалыптасады: адамдардың мініз-құлқын бағалай алу, басқаны тыңдай білу, пікірталасты жалғастыра білу немесе қарсы пікірін дәлелдей алу, өзін-өзі бақылай алу т.б.

6. Өзін бағалай білу. Пікірталаста келіспеу басқалардың да, өзінің де пікірін түсінуге және талдай алуға мүмкіндік береді. Бұдан пайда болатын моральдық және этикалық проблемалар әлеуметтік дағдылардың қалыптасуын және олардың шешілуін талап етеді (О.Г. Смолянинова).

Нақты өмірден алынған фактілер негізінде мәселелер жағдай туғызу кейс-стади әдісінің ерекшелігі болып табылады. Осылайша, медициналық білім беруде нақты және ойдан шығарылған сырқатнама, анамнез, клиникалық мәліметтер қолданылады. Оқу үрдісінде кейспен жұмыс істеу

технологиясы келесі кезеңдерден тұрады: 1) білім алушының кейс материалдарымен дара, өз бетінше жұмыс істеуі (проблемаларды біртектендіру, негізгі баламаларды жинақтау, шешім ұсыну немесе ұсынатын іс-әрекеті); 2) басты проблемалар бойынша келісу немесе оны шешуде шағын топтарда жұмыс істеу; 3) жалпы пікірталас нәтижелері бойынша шағын топтарда презентациялар және тәжірибелер (оқу топтары аясында).

Кейс-стадиді білім беруде қолдану мүмкіндіктері. Кез келген кейс-стади оқытушыға оны білім беру үрдісінің әртүрлі кезеңдерінде, яғни білім беру сатысында және білім беру нәтижесін тексеру сатысында қолдануға мүмкіндік береді. Соңғы кездері кейс-стадиді студентті оқыту сатысында ғана емес, оқыту нәтижелерін тексеру барысында, яғни, емтихан алуда да қолдану кең етек жаюда. Студенттер кейс-стадиді емтиханның алдында алады, олар оны талдауы қажет және ондағы сұрақтарға жауап беріп, жауабын емтихан алушыға әкеп беруі тиіс. Әрине, кейс-стадиді тура емтихан кезінде де беруге болады, онда шектеулі уақытта жауап беру үшін сұрақтар қарапайым және әлдеқайда қысқа болуы керек. Кейс-стадиді білім беру үрдісінде қолдану екі әдіске негізделеді. Олардың біріншісі дәстүрлі Гарвард әдісі деп аталады – ашық пікірталасқа негізделген. Оның баламалы әдісі дара және топтық сұрақтармен байланысты, оның барысында студенттер жағдаятқа шартты, ауызша жауап береді және ұсынылған кейс-стадиге талдау жасап, өздерінің шешімдері мен ұсыныстарын айтады. Бұл әдіс кейбір студенттердің оқуда көп күш жұмсамауына әкеп соқса да (сабақ барысында әр студентке сабақта бір-екі рет қана сұрақ қойылады), оқытушының бақылау жасауын жеңілдетеді. Бұл әдіс студенттердің коммуникативтік дағдыларын дамытады, өздерінің ойларын анық айтуға үйретеді. Алайда, бұл әдіс Гарвард әдісіне қарағанда баяу қимылды болып келеді. Ашық пікірталас кезінде қатысушыларды бақылау және ұйымдастыру өте қиын. Еркін пікірталас кезінде оқытушы: «Қалай ойлайсыздар, бұл жердегі негізгі мәселе қайсысы?»–деген сұрақ қояды. Сонан соң ол пікірталасты басқара отырып, олардың жақтаған және қарсы шыққан пікірлерін тыңдайды, бірақ мазмұнын айтпайды, себебі аяғына қарай жеке қатысушылардан немесе топтан сұраққа жазбаша жауап алады. Бұл есеп пікірталастың аяғында немесе біраз уақыт өткен соң берілетіндіктен, студенттердің пікірталас барысында алған ақпараттарды толығырақ талдауларына мүмкіндік береді (О.Г. Смолянинова).

Кейс-стадидің тапсырмалар мен жаттығуларға ұқсайтын жерлері бар, алайда оның көптеген айрықша ерекшеліктері бар: студенттің бірнеше практикалық дағдыларды меңгеруіне көмектеседі, құрылымданбаған күрделі мәселелерді шешуге үйретеді. «Бір қарағанда ойдан шығарылған жағдаят сипатталған тапсырма кейс-стадиге ұқсайтын сияқты, алайда білім беруде тапсырма мен кейс-стадиді қолдану мақсаттары әртүрлі. Тапсырма студенттің жекеленген теорияларды, әдістер мен ұстанымдарды оқып үйренуіне мүмкіндік беретін материалдармен қамтамасыз етеді. Кейс-стадидің көмегімен оқыту студенттің әртүрлі дағдыларды кеңінен меңгеруіне жәрдемдеседі. Тапсырманың осы шешімге әкелетін бір ғана жолы және бір ғана шешімі болады. Кейс-стадидің осы шешімге әкелетін көптеген шешімдері және көптеген баламалы жолдары бар. Кейс-стадидің негізгі қызметі – аналитикалық жолмен шешу мүмкін емес және құрылымды емес күрделі мәселелерді шешуге үйрету» (О.Г. Смолянинова).

Кейс-стади әдісін қолданудың жалпы технологиясы жасалған. Сабақ басталғанға дейін оқытушы:

- а) кейсті таңдайды
- б) негізгі және көмекші материалдарды анықтайды
- в) сценариін даярлайды.

Студенттің міндеті – кейс пен ұсынылатын әдебиеттер тізімін алып, сабаққа дайындалу.

Сабақ кезінде оқытушы:

- а) кейсті алдын ала талқылауды ұйымдастырады
- б) топтарды шағын топтарға бөледі
- в) кейсті талқылауды басқарады.

Студент:

- а) сұрақ қояды
- б) шешімнің нұсқаларын ұсынады



- в) шешім қабылдайды
- г) жұмыс туралы жазбаша есеп береді.

Медицина университетіндегі кейс-стади әдісі дегеніміз – нақты клиникалық жағдаят, «ойдан шығарылған» науқастар, күрделі клиникалық жағдаяттар т.б. Батыстың университеттерінде кейсті талдауға оқу уақытының 30-40 % бөледі. («Case studi» әдісі дегеніміз не және ол не үшін керек? // [www.e-graduate.ru](http://www.e-graduate.ru)). «Онда типтік жағдаятты талдауға орта есеппен оқу уақытының 35-40 %-ын жібереді. Чикаго университетінде «кейстің» үлесіне уақыттың 25 %-ы, Колумбия университетінде 30 %-ы, атақты Уортонда 40 %-ы кетеді, сабақта бұл әдіске уақыт бөлу жағынан оның «алғашқы бастамашысы» Гарвард ең алда келеді. HBS-тің қатардағы студенті оқу кезінде 700 «кейсті» талдайды» (Е. Маргелашвили). «Кейсті» қолдану шекарасы: оқытудың бұл әдісі көп уақытты талап етеді, оны көп адамдық аудиторияда қолдану мүмкін емес (Т.И. Краснов).

*Жобалар әдісі.* «Жобалар әдісі» осы жүзжылдықтың басталарынан бұрын АҚШ-та пайда болды. Оның бастаулары америка философы және педагогы Дж. Дьюи мен оның шәкірті В.Х. Килпатриктің білім беру мен философиядағы гуманистік идеяларымен тығыз байланысты. Авторлар негізін қалаған бұл әдістің негізгі идеялары: оқушының мақсатты іс-әрекеті арқылы, нақ осы білімді алуға оның жеке басының мүдделілігі арқылы белсенді негізде оқыту. Дж. Дьюи ұсынған жобалар әдістері өзінің негізіне оқушының белгілі бір пәнге жеке мүдделілігін ескере отырып оқытуға бағытталған. Жобалар әдісінің оқу мақсаттарының аумағы: оқушының танымдық, шығармашылық дағдыларын дамыту, өзінің білімін өз бетінше құрастыра алуға, ақпараттық кеңістікте бағытын таба білуге, сыни ойлауды дамытуға бағытталған. Жобалар әдісінің мазмұны – «белгілі бір білімдер жинағын алғысы келген және осы мәселелерді шешетін жобалық іс-әрекеттер арқылы оқушының белгілі бір мәселелерге қызығушылығын ынталандыру, алған білімін практикалық тұрғыда қолдана білу, рефлекторлы даму (Дж. Дьюидің термині бойынша сыни ойлау)». Жобалар әдісі әр уақытта, біріншіден, қандай да бір мәселені шешуге, екіншіден нәтиже алуға бағытталған.

«Жобалар әдісі үшін болжанған нәтиженің практикалық, теориялық және танымдық маңызы өте жоғары болып саналады (мысалы, берілген ауданның демографиялық жағдайы туралы баяндама, бірлескен ғылыми мақалалар және т.б.)». Жобалық оқыту бойынша кең көлемде тәжірибесі бар елдердің мамандары оны тікелей және жанамалай оқытатын басқа да оқыту түріне қосымша ретінде, жеке бастың, оның ішінде академиялық тұрғыдан да өсу құралына қосымша ретінде қолданған жөн деп санайды (В.В. Гузев). «Жобамен жұмыс жоғары білім беру жүйесінде ерекше орын алып, студентке дәстүрлі оқыту әдістерінде қол жеткізе алмайтын білімді алуға мүмкіндік береді. Мұның мүмкін болатын себебі, студенттер өздері таңдау жасайды және бастамашылық көрсетеді. Бұл тұрғыдан келгенде жобаның практикалық құндылығы болуы тиіс; студенттердің өз бетінше зерттеу жүргізуіне әсер етуі тиіс, олармен жұмыс істеу үрдісінде де, жұмысты аяқтарда да нәтиже қандай болатыны нақтыланбаған болуы тиіс; жұмысқа бағыттау мен оның жылдамдығы жағынан икемді болуы керек; өзекті мәселелердің шешілу мүмкіндігін ұсынуы тиіс; студентке өзінің қабілетіне лайық оқуға мүмкіндік беруі тиіс; студенттің бұдан да кеңірек көлемдегі тапсырмаларды шешуде өздерінің қабілеттерін көрсетуіне ықпал ету; студенттер арасында өзара қарым-қатынас қалыптасуына ықпал ету» (Д. Жак).

Бұл күндері жобалар әдісі теориялық білім мен оның нақты мәселелерді шешуде практикалық тұрғыдан қолданылуын тиімді үйлестіретіндіктен, әлемдегі ең кең тараған әдістердің бірі болып саналады. Ол АҚШ, Ұлыбритания, Бельгия, Израил, Финляндия, Германия, Италия, Бразилия, Нидерландияда және басқа да көптеген елдердің жоғары оқу орындарында сәтті қолданылуда. Жобаны типтендірудің мүмкіндіктерінің бірі төмендегі өлшемдер бойынша:

1. Жобадағы негізгі іс-әрекеттер: зерттеу, іздену, шығармашылық, рөлдік, қолданбалы (практикалық-бағыттық), танымдық-бағыттық, практикалық (зерттеу жобалары, ойындық, практикалық-бағыттық, шығармашылық) бағыттар;
2. Пәндік-мазмұндық салада: біржобалық (білімнің бір саласы аясында); пәнаралық жоба;
3. Жобаның үйлесімділік сипаты: тікелей (қатаң, икемді), жасырын (анық емес, телекоммуникациялық жобаларға тән жобаға қатысушыға иммитация жасайтын);
4. Қатынасқа түсу сипаты;
5. Жобаға қатысушылар саны;

## 6. Жобаның ұзақтығы.

Оқушылардың барлық іс-әрекеті дайындық, жоспарлау, зерттеу, нәтижелер немесе қорытындылар, үрдіс пен нәтижелерді бағалау (Гузеев В.В.) кезеңдеріне байланысты болады.

### 1) Дайындық кезеңі

- а) мәселелерді және оның мақсаттары мен міндеттерін анықтау;
- б) гипотеза ұсыну және шешу;
- в) зерттеу тәсілдерін талқылау

### 2) Жоспарлау

- а) ақпарат көздерін анықтау;
- б) ақпаратты жинау және талдау тәсілдерін анықтау;
- в) нәтижелерді көрсету тәсілдерін анықтау;
- г) үрдіс пен нәтижелерді бағалаудың критерийлері және іс-шараларды құру;
- д) команда мүшелері арасында міндеттерді бөлу.

### 3) Зерттеу

- а) ақпараттар жинау;
- б) аралық міндеттерді шешу

### 4) Нәтижелері немесе қорытындылары

- а) алынған мәліметтер талдау;
- б) қорытындылар тұжырымы?

### 5) Үрдіс пен нәтижелерді бағалау

- а) түпкілікті нәтижені рәсімдеу;
- б) қорытындылау, түзету, соңғы қорытындылар;

«Әр түрлі жағдайларға байланысты жоба тақырыбын таңдау да әр түрлі болуы мүмкін. Кей кездері білім беру мекемелерінің мамандары бекітілген бағдарлама шеңберінде тақырыпты белгілеп беруі мүмкін. Ал кейбір жағдайларда тақырыпты оқытушылардың өздері өз пәндері бойынша оқу жағдайын, студенттердің қабілеттері мен қызығушылықтарын ескере отырып ұсынады. Сонымен бірге, жоба тақырыптарын студенттер де ұсына алады. Олар жоба тақырыптарының тек танымдық жағынан ғана қарамай, өз қызығушылықтары мен шығармашылық, қолданбалы жағына мән береді». Жоба тақырыптары оқу бағдарламасының қандай-да бір теориялық мәселелеріне қатысты студенттер білімін тереңдете түсу және оқу үрдісін түрлендіру мақсатында құрылады. Көбінесе, жоба тақырыптары қандай-да бір өзекті тәжірибелік мәселелерге қатысты болуы мүмкін. Ол студенттердің бір ғана пәннен емес, сонымен бірге әр түрлі білім саласынан білімді болуларын және шығармашылық, зерттеушілік қабілетті қажет етеді.

*Рөлдік ойындар.* Ойын түрінде оқытудың қызметтері. Ойындар үйренушілерге шығармашылықпен ойлануға, шешімдер қабылдап, олардың орындалуын ұйымдастыруға, тапсырмаларды орындауға, ұжымды басқаруға, өз бетінше жұмыс істей алу дағдыларын дамытуға және бекітуге мүмкіндік береді. Ойын барысында, иммитациялық ойын үлгілерінің ерекшеліктеріне сүйене отырып, студенттер немесе тыңдаушылар төмендегі дағдылар мен біліктіліктерді меңгереді ([http://www.nagval.kzldcs/predmets 05\\_03.doc](http://www.nagval.kzldcs/predmets 05_03.doc)):

- Шешімдер қабылдау үшін қажетті ақпараттарды жинау және талдау;
- Толық емес немесе нақты емес ақпараттар бойынша шешімдер қабылдау, қабылданған шешімдердің тиімділігін бағалау;
- Белгілі бір міндеттерді талдау;
- Нақты әрекет кезінде айқын көрінбейтін әр түрлі сала қызметтері мен өлшемдері арасында байланыстар орнату;
- Топтық ойлау тәсілін қолданып, бірлесе шешім қабылдау, ұжымда жұмыс істеу;
- Ойын иммитацияларының және жүйелерде басқарудың жалпы ақпараттық қамтамасыз етілуінің сәйкестіктерін анықтау;

- Үрдістер мен құбылыстарды зерттеуге шығармашылықпен тиімді жүйелі түрде қолданудың негізі ретінде абстрактілі, бейнелі ойлау дағдылары;

Оқытуда ойын түрлерін қолдану танымдық, зерттеушілік, тәрбиелік, сонымен бірге бақылау қызметтерін де атқарады.

Сонымен, іскерлік ойындар, ойын түрлері берілген жағдайларда дәйекті шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін оқу, өндірістік, ғылыми-зерттеу және басқару қызметтерін жүзеге асырушы жан-жақты құрал болып табылады. Инновациялық ойындарда жұмыстың әр түрлі әдіс-тәсілдері қолданылады. Инновациялық ойын жүйелілік, мазмұн мен форма бірлігі, құрастыру, ұжымдық жауапкершілік, бақыланатын жарыс немесе бәсеке, дамыта оқыту сияқты бірқатар принциптерге сәйкес ұйымдастырылады. Ойын арқылы оқытуды ұйымдастырудың аталған принциптеріне сәйкес оның тәсілдері иммитациялық және иммитациялық емес болып екіге бөлінеді. Ойын түріндегі оқу сабақтары мақұлданып, тиімді екендігі дәлелденген.

Нақты (тартысты) жағдайларға талдау жасау. Нақты ситуациялық жағдай деп студенттің немесе тыңдаушының маман, жетекші ретінде нақты бір жағдайларда қандай-да бір шешімдер қабылдай алуын, талдау жасай алуын айтуға болады. Бұл кезде тыңдаушыларға, басқару нысанын анықтайтын, барлығына ортақ ақпарат беріледі. Оқытушы мәселелік сұрақтарды көрсетпей, берілген жағдайды талдау үшін міндеттер (тапсырмалар) береді. Тыңдаушылар талдау нәтижелері мен алғашқы берілген ақпаратты негізге ала отырып, негізгі мәселелік сұрақты өздері тауып, оны шешулері керек. Инцидент (лат.incidens –кездейсоқ болатын) – оқиға, қақтығыс, әдетте қолайсыз жағдай дегенді білдіреді.

Оқу тәжірибесіндегі инцидент үйренушілерден жылдам және шешуші әрекеттерді қажет ететін апатты немесе стресс жағдайлары түрінде өткізіледі. Инцидентті орындау кезінде дағдылы орындалуына дейін жеткізілген кәсіптік дағдылардың, сонымен бірге өз-өзіне деген сенімділік, қажетті ерік-жігердің дамуы тексеріледі.

Рөлдік ойындар – ұжымдық оқытудың ең қарапайым түрі болып табылады, олар жоспарлы, жобалық және басқарушылық міндеттерді шешу үшін қолданылады. Рөлдік ойындар әдіс-тәсілі қолданылатын сабақтардың белгілері:

- Ойын түрінде өткізілетін сабаққа қатысушылардың рөлдерді бөліп алуы;
- Шешілуі тиіс күрделі міндеттер (мәселелер);
- Қатысушылар көзқарастарының әр түрлілігі;
- Пікірталас өткізу арқылы қандай-да бір шешімге келу кезінде қатысушылардың өзара әрекеті.
- Оқытушының пікірталасты тиісті арнаға бағыттауы, жаңа мәліметтерді беруі, түзетулер жасауы;
- Оқытушының талқылау нәтижелерін бағалауы және қорытындылауы.

Осы сияқты сабақтарда студенттердің қандай-да бір рөлді орындау кезіндегі өз шешімі мен іс-әрекетіне басқалардың көзқарастарын бақылауға мүмкіндіктері болады. Бұл тәсіл ұжымдағы жүріс-тұрыс дағдыларын қалыптастыруға, адамдар арасындағы қарым-қатынастарды талдай алуға бағытталған.

Іскерлік ойындар. Іскерлік ойындар – ойын түріндегі сабақтардың ішіндегі ең күрделі түрі болып табылады. Қазіргі кезде бұл ойын түрлері медициналық жоғарғы оқу орындарында (консилиум, патология–анатомиялық конференция, клиникалық жағдайларды талдау) кең қолданылып жүр.

Көптеген зерттеушілердің пікірінше, қазіргі кезде 600-ден аса іскерлік ойын түрлері қолданылып жүр. Іскерлік ойындарды әр түрлі межелер бойынша жіктеуге болады:

- а) ақпараттарды өңдеу және жеткізу әдістері (қарапайым байланыс құралдар, макеттер, жоспарлар қолдану арқылы);
- б) ойынды дамыту мүмкіндіктері;
- в) жағдайлар құрастыру сипаты (қарсыласпен ойын (екі қарсы топқа бөлу); табиғатқа қатысты ойындар, дайындық – ойындар);

г) Ойын үрдісінің сипаты (екі жақтың жарысы; топтардың өзара ықпалы; сайыс; ЭЕК, АБЖ құралдары қолданылған ойындар);

д) Үрдістер динамикасы (жағдайлық, шұғыл, ұзақ мерзімді).

Оқу үрдісінде қолданылатын іскерлік ойындардың дидактикалық мүмкіндіктері мол. Кәсіптік ойындар тәжірибелік дағдыларды қалыптастыруға, тапсырмаларды ұжым болып орындағанда, өз пікірін, көзқарасын жеткізе алуға, көпшілікпен тіл табыса алуға және шығармашылықпен жұмыс істей алу қабілеттерін дамытуға көмектеседі. Бұл ойындар бітірушінің болашақ мамандығы бойынша кездесетін жағдайларға дайындық болып табылады. Кәсіптік ойындар іскерлік ойындардың жанаша өзгертілген түрі деуге болады.

Сонымен, интерактивті оқыту әдістемесінің дидактикалық мүмкіндіктері мол. Ақпарат беру үрдісі оқытушы мен студенттің өзара әрекет ұстанымы бойынша құрылған. Бұл әдістеме бойынша үйренушіден оның белсенділігі, алған мәліметтерді шығармашылықпен қорытындылай алуы талап етіледі. Интерактивті оқыту үрдісінің межелері: пікірталастар; түсіндірудің еркіндігі; дәріс санының аздығы; семинар сабақтар санының көп болуы; студент бастамасы; топ, ұжым болып шешетін тапсырмалар; семестр барысындағы тұрақты бақылау, жазба жұмыстарының орындалуы. Интерактивті оқыту әдісін қолдану кезінде топ студенттерінің бірде-біреуі назардан тыс қалмай, барлығы тегіс қатысады. Бірлескен іс-әрекет – студенттердің білімдерінің, көзқарастарының өзара алмасуына, олардың әрқайсысының тапсырма орындау барысында жеке үлес қоса алуына мүмкіндік береді. Жеке, екі-екіден және топ болып жұмыс істеу түрлері ұйымдастырылады. Жоба жұмыстары, рөлдік ойындар қолданылып түрлі ақпарат көздерімен және құжаттар мен жұмыс істей алу жүзеге асырылады. Интерактивті әдістер үйренушілердің белсенділігі, өзара әрекеті, топ тәжірибесі және міндетті түрде кері байланыстың болуы ұстанымдарына негізделген. Қатысушылардың өзара бір-біріне ықпал ететін, ой-пікірлерін ашық айтатын, айтылған дәйектемелердің барлығы тең дәрежеде болатын, бір-бірлерін бақылай және бағалай алатын оқу – білім ортасы қалыптасады. Оқытушы жаңа білім берумен бірге, үйренушілерді өз бетінше ізденуге жетелейді. Оқытушы студенттің белсенділік, ынталық танытуына жағдай жасауы керек.

Интерактивті әдістердің негізгі белгілері:

1. Өзектілігі. Үйренушілерге әр түрлі мәселелік ситуациялық тапсырмалар беріледі. Бұл тапсырманы орындау үшін, оның білімі, тәжірибесі жете бермейтіндіктен, барлық қатысушылардың ат салысуы, талқылауы арқылы оқытушымен бірлесе отырып шешу қажет болады.

2. Оқыту және танымдық іс-әрекеттің қалыптылығы (адекваттылығы). Ол үйренушілердің болашақ тәжірибелік (лауазымдық) міндеттері мен атқаратын қызметтеріне ұқсас болуы керек. Бұл арқылы үйренушілердің кәсіби қызмет туралы эмоцияларды – жеке танымын қалыптастыруға болады.

3. Өзара оқыту. Белсенді оқыту әдістерін қолдану арқылы сабақтарды өткізудің көптеген түрлерінің ең негізгі – ұжымдық оқыту және пікірсайыс түрлерін қолдану болып табылады. Бұл жағдайда жеке – дара оқыту әдісін қолдануға да болады, дегенмен оны орнымен шебер қолдана білу талап етіледі.

4. Даралау. Үйренушінің мүмкіндіктері мен жеке-дара қабілеттерін ескере отырып, оқу – танымдық әрекетті ұйымдастыру талабы, сонымен бірге үйренушілердің өзін-өзі бақылауы, өзін-өзі дұрыс бағыттауы, өз бетінше білім алуы сияқты дағдылардың дамуын көрсетеді.

5. Оқытатын проблемалар мен құбылыстарды зерттеу. Талдау жасау, қорытындылау, білім мен тәжірибені шығармашылықпен қолдана алуға негізделген өз бетінше білім алуға қажетті негізгі дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

6. Оқушылардың оқу ақпараттарын өзбетінше меңгеруі. Дәстүрлі оқыту әдістерінде оқытушы (ол қолданылатын барлық дидактикалық құралдар кешені) оқуға қажетті ақпараттардың барлығын өзі арқылы өткізетін «сүзгіш» қызметін атқарады. Ал жаңа оқыту әдістемесі бойынша оқытушы оқу материалдарын игерту кезінде үйренушілерге көмекші ретінде, олардың өз бетінше жұмыс істеулеріне жетекшілік етіп, педагогиканың бірлесе еңбек ету ұстанымдарын жүзеге асырады.

7. Мотивациялар. Үйренушілердің өз бетінше және белгіленіп берілген оқу – танымдық әрекеттері, жеке және ұжымдық белсенділіктері мотивтер жүйесіне сүйеніп дамиды.

Оқытушының оқыту кезінде қолданатын уәж түрлері:

- Кәсіби қызығушылық;
- Оқу-танымдық әрекеттердің шығармашылық сипаты;
- Сабақты ойын, жарыс түрінде өткізу;
- Эмоциялық әсер ету;

Қазіргі таңда интерактивті әдістемені жіктеу түрліше қарастырылады. Тыңдаушылардың белсенділігін арттыру, оқыту-танымдық және ойын әрекеттерінің түрлері, ойын әрекеттерінің ұйымдастыру тәсілдері, сабақты өткізу орны, оның мақсаты, имитациялық үлгілер және т.б. қолдану түрі басты ерекшеліктері болып табылады. Оқыту – танымдық әрекеттерінің сипатына қарай интерактивті оқыту әдісі: имитациялық және имитациялық емес болып бөлінеді. Иммитациялық әдістер ойын және ойын емес түрлері болып жіктелінеді.

Ойын емес әдіске нақты жағдайға талдау жасау (АКС), нұсқау бойынша әрекеттер т.б. жатады.

Ойын әдістері:

- Іскерлік ойындар;
- Дидактикалық немесе оқу ойындары;
- Ситуациялық ойындар және ойын тәсілдері;
- Белсенді тренингтер.

Тапсырмаларды орындау кезінде қатысушылардың әрекет түріне қарай меңгеру кезінде, тартысты жағдайларда, өзара қарым-қатынаста, инженерлік – құрастырушылық, зерттеушілік, әлеуметтік – психологиялық міндеттерді шешуге құрылған әдіс-тәсілдер қолданылады.

Қатысушылар санына қарай: жеке, топтық, ұжымдық әдістер, сонымен бірге қатысушылардың екі-екіден (диада) немесе үш-үштен (триада) жұмыс істеуі қолданылады.

Өткізу орнына қарай: дәрісханалық, дәрісханадан тыс, экскурсиялық болып келеді. Есептеу технологиясын қолдану принципі бойынша – жай (есептеу техникасы қолданылмайтын); компьютерлік – ЭЕМ-дағы ойындар;

Интерактивті әдіс-тәсілдерді куратор оқытушылар мынадай жұмыс түрлерін ұйымдастыру кезінде қолдана алады:

- Тақырыптық сабақтарды ұйымдастыру;
- Оқу жобасын орындау кезінде уақытша ұжымдарды ұйымдастыру;
- Студент портфолиосын қалыптастыру;
- Тақырыптық библиография, дәрістер, тренинг материалдары, диплом жұмысы, шығармашылық жұмыстар, аудио бейнематериалдар және т.б. білім қорларын жинау барысында ұжымда туындаған даулы мәселелерді талқылау, пікірталастар ұйымдастыру.

Педагогикалық әдіс-тәсілдер жиынтығы өте мол, сондықтан педагог ең ыңғайлы әдіс-тәсілдерді таңдап, дұрыс қолдана білуі керек. Нақты әдіс-тәсілдер оқу пәнінің ерекшелігіне байланысты қолданылады.

## 2 тарау. Медициналық білім беретін жоғары оқу орындарындағы білім беру үлгілері

Дәстүрлі, медицина бағытындағы жоғары оқу орындарындағы білім беру үрдісі, оқытудың негізгі ақпараттық, тәжірибелік үлгілеріне құрылады. Дегенмен, бұл үлгілерде қазіргі кезеңдегі денсаулық сақтау жүйесінің, қоғам мен еңбек нарығының сұранысы, ғылыми-техникалық дамудың деңгейі ескеріле бермейді. Сондықтан, қазіргі кезде бұл сұраныстардың шешімін табу үшін, оқытудың модульді жүйесі және жеке тұлғалық бағытта оқытуды қолдану тиімді.

Медициналық білім берудің негізін оқытудың ақпараттық үлгісі құрайды. Оқытушылар өз пәні бойынша студенттерге барынша ақпарат беріп, аралық бақылау, емтихан кезінде осыған сәйкес жауап берулерін талап етеді. Студенттердің практикалық дағдыларды меңгеруі кезінде нақты нұсқаулармен тәжірибелік үлгілердің аралас қолданылуы кездеседі. Әрине, бұл үлгілердің өзіндік жетістіктері бар болғанымен, қазіргі жаһандану кезіндегі қоғамдағы еңбек нарығында мамандарды басқа деңгейде дайындау талап етіледі. Берілген ақпараттарды тек есте сақтап, оны қайта айтып беріп қана қоймай, алған ақпараттарды талдай алатын мамандарды дайындау қажет. Медициналық жоғары оқу орындарында құзырлықты дамытуға бағытталған оқытудың жаңа әдісі бойынша білім мен дағдылардың кезеңмен дамуы Блум Таксономиясы кестесінде көрсетілген.

[http://cnit.mpei.ac.ru/textbook/01\\_03\\_01\\_04.htm](http://cnit.mpei.ac.ru/textbook/01_03_01_04.htm) (4 сурет)

Бұл тұжырымға сәйкес интеллектуалдық деңгейлерді төмендегідей бөліп көрсетуге болады:



4 – сурет. Блум Таксономиясы

Бұл философиялық тұжырым бойынша интеллектуалдық дамудың негізін білім құрайды. Бұл кезеңде студент:

- Қажетті ақпаратты немесе оқып-түсінген материалды жеткізе алуы керек. Білім берудің алғашқы кезеңінде оқытушы: еске сақтаңыздар, қайталаңыздар, атаңыздар, салыстырыңыздар, дұрыс орналастырыңыздар деген сияқты сөздерді жиі қолданады. Мысалы, студент «Оқытудың белсенді әдістері дегеніміз не?» деген сұраққа жауап беріп, белсенді оқыту әдістерін атап, оған толық анықтама беруі керек.

Блум Таксономиясы көрсеткендей келесі деңгей: түсіну (comprehensijn) болып табылады. Студент пәндер бойынша оқытылатын материалдардың мағынасын түсіндіру керек. Бұл кезеңде оқытушы жіктелуін атаңыз, сипаттаңыз, талқылаңыз, түсіндіріңіз, айтып беріңіз, анықтаңыз, орын орнына қойыңыз, таңдаңыз, аударыңыз деген сияқты сөздерді қолдануы керек. Мысалы, студент белсенді оқытудың әр түрлі тәсілдерін түсіндіріп, қолдану күрделілігі дәрежесіне қарай рет-ретімен атап беруі керек.

Блум Таксономиясы бойынша оқыту үрдісінің үшінші кезеңі – қолдану (application). Бұл кезеңде студент оқып-үйренетін материалдарды өте жақсы түсініп, бұл материалды жаңа немесе нақты жағдайларда қолдана білуі керек.

- Оқытушы студенттердің білім дәрежелерін бағалау үшін: қолдану, таңдау, көрсетіп беру, көрнекілеу, есептеп шығару, пайдалану, жазу сияқты сөздерді қолданады. Мысалы, белсенді оқыту әдісін көрсету үшін студент 1 минут ішінде эссе жазып шығуы керек.

- Оқытудың төртінші кезеңінде оқып-үйрену үшін берілген материалдарды талдау (analysis) керек. Студент бұл кезеңде материалдың мәнін тереңірек түсіну үшін, материалдарды құрамдас бөліктерге бөлуі керек.

«Analysis» кезінде студент құрлымдық формалар арасындағы дара әрекетін, мазмұнын түсіну қажет. Бұл кезеңде оқытушы талдау жасау, бағалау, санау, категорияларды анықтау, салыстыру, түрлендіру, тәжірибе жасау, тестілеу т.б. тапсырмалар береді.

Мысалы, оқыту тиімділігін арттыру мақсатындағы белсенді оқыту әдісін талдау үшін студент бұл әдістерді қолдануға кедергі келтіретін себептерді анықтауы қажет.

Блум таксономиясына сәйкес оқыту үрдісіндегі келесі кезең – біріктіру (синтез) (synthesis).


Бұл кезеңде студент:

- Жаңа материал алу үшін, құрамдас бөліктердің барлығын қосу керек (түр, үлгі, шешім).

Студенттердің білімін бақылау үшін, оқытушы жинау, құрау, құрастыру, жасау, тұжырымдау, жоспарлау, ұйымдастыру, ұсыну, жазу, дайындау сияқты сөздерді қолданады. Мысалы, студент оқытудың әр түрлі әдістерін біріктіру негізінде, дәрістердің сапасын жақсартуға бағытталған жаңа белсенді әдіс-тәсілді ұсынуы тиіс.

Оқыту үрдісінде ең күрделі кезең – бағалау (evaluation) болып табылады. Студент қандай-да бір мақсатқа жету үшін берілген материалдардың (өтініштер, шешімдер, поэмалар, зерттеу жұмыстары) құндылығын сыни көзқараспен бағалай алуы қажет.

*Ақпараттық моделмен оқыту.* Бұл моделдің негізгі мақсаты білім алып, сабақтың мазмұнындағы дағдыларды пайдалана алу. Мұндағы нормативті талаптар оқытушының студентті дұрыс бағалау критерилерін қарастырады. Сондықтан оқу бағдарламасының мағынасын білуіміз керек. Сонымен қатар, теория мен тәжірибені байланыстыру қажет (семинар-практикумдар, әртүрлі жағдайдағы зерттелетін теорияны қолдану бойынша себептер шығару). Алайда бұл сабақтар жеке мысалдар көмегімен теориялық білімді қолданудың фрагменттерін ғана көрсете алады, себебі уақыт жетіспей қалады. Сондықтан ақпараттық модель негізінде құрылған оқу үрдісінің құрылымы төмендегідей көрсетіледі.



**5 –сурет. Оқытудың ақпараттық үлгісіндегі білім беру схемасы**

Басқаша айтқанда, оқытудың логикасы білімдерді қалыптастырып қана қоймай, оны тәжірибе жүзінде әрі қарай дұрыс пайдалана алу керектігін ұстанады. Білімді меңгеру үрдісінде «ақпаратты ұмыту» деген мәселелер болады. Бұл әртүрлі себептерден болады.

Бірінші себебі: оқытушының студентке берген білімі түсініксіз болуы. Бұл түсініспеушілік абстракты теориялық жағдай жеке тәжірибе мен практикаға тікелей қатысты болмағандықтан психологиялық жағынан өзін толық ақтайды. Оны шешу өте қиын, тіпті мүмкін емес.

Екінші себебі: дұрыс ақпараттың кейбір жерлері есте сақталмай аяқталады. Бұл былай түсіндіріледі, беріліп жатқан білім оның шынайы объектпен қолдануы, теориялық тұрғыда ғана

қаралуы, көбінесе механикалық сақтау арқылы есте қалады, себебі сабақ өмір шындығымен байланыспайды.

Үшінші себебі: уақыт өткен сайын ұмытыла бастайды. Есте сақтадым деген жағдайлар уақыт өткенде ұмытыла бастайды. Бір-бірлеп ұмыту ол логика процесіне, себебіне және жалпы алған білімді бұза бастайды, дегенмен ұмыту-қалыпты процесс. Әйтеуір бір уақытта есте қалған ой бір күні, бір бөлігі ұмытылады және қайта еске түспейді. Тәжірибеде алынған білім аз ғана болса, онда ол есте жақсы сақталмайды.

Дәстүрлі педагогика қазір ұмытуды қайталау арқылы күреседі, бірақ тәжірибе қайталауды жаттауға айналдырады. Бұл үлкен адамға қолайсыз және қолдануға болмайтын әдіс.

Ұмыту қарсы түсінікті және қолайлы әдіс, ол білімді тәжірибеде қолдану. Бірақ оқу процессінде алынып жатқан білімді тәжірибеде қолдануға уақыт және орын болмайды.

Төртінші себеп, ол студенттердің өздерінің теориялық білімін тәжірибеде қолдана алмайтындығы, ол білімінің бір бөлігі естерінде қалады, бірақ көп қолданылмайды және ол шынайы тәжірибеден алыс болады. Оқу курсына оларға берілетін қосымша білім олардың жалпы эрудициясын жоғарылату үшін берілген, ол бұл жағдайда ақталмайды. Әр түрлі жағдайға берілетін білім ақыл-ойды қажытады. Олар оқу иллюзиясын құрап, оларды тәжірибеден алыстатады.

Сонымен, тиімді білім оқытушының студентке беруі ғана емес, оның тәжірибелік тұрғыда дұрыс қолданылуы болады. Бірақ ақпараттық білім беру моделі бұл шарттарды толығымен қамтамасыз ете алмайды. Өзіміздің ақпараттық модель схемасына қайтіп келейік және оның әр жүйедегі құрылымын қайталап қарастырамыз: «білім хаттамасы – есте сақтауы – соңғы білім беру қорытындысы – білім нәтижесі».

Барлық үрдістер тек бір ғана жүйе құрайды – студентті әр түрлі біліммен қамтамасыз ету, болашақ дәрігерлік тұрғыда өзінің рөлін атқару. Сонымен, технологиялық білімді қабылдауы қалыптасады, оның сонымен қатар, қабылдауы, сақталуы, басталуы және ғылыми ақпараттың қайта өңделуі, ақпараттың қабылдануы үш жолмен анықталады:

- білімнің басталуы;
- оның қолданылуы;
- оның стандартсыздық жағдайда қолданылуы.

Студенттің қызығу белсенділігі оның білімсіздіктен білімге апарды. Оның критеріі әрбір студентке белсенді оқушының бағытталуынан алынады. Нормативтік міндетті түрде алынатын білім студенттің жеке тәжірибесіне, оның өзіндік ерекшелігіне және сабақтың түпкі мәнін түсінуі саналмайды. Бұл көбінесе студенттің оқу процесінен алыстауы және оның білуге деген құштарлығын тежейді.

*Операционалдық модельдер.* Жоғарыда көрсетілген жағдайларды түсініп, оқытушылар мен зерттеуші-психологтар мынадай сұрақтар қояды, ары қарай адамға қалай тиімді болжамды болашақта қолдануды қамтамасыз ету. Бұл қиын жағдайдан шығуды 50-жылдың басында ХХҒ. атақты психологы П.Я.Гальперин қолданды, ол ойлау әрекеті мен түсінігін қалыптастыру теориясының авторы.


Психологиялық теория – оқу жүйесін және кәсіби оқудың қалыптасуында психологиялық теория пайда болды.

Жаңа және аса тиімді әдістің қалыптасуына мүмкіндік туып, тәжірибелік қалыптасу процесін тездетеді, оқу үйрену процесін кәсіби деңгейге көтереді. Сонымен, ақпараттық модельдерді қолдана отырып, операциялық оқу моделі пайда болды. Гальпериннің логикалық ойы, оны дәстүрлі оқу процесін күмәнға қалдырды (білім жайлы ақпарат – оны сақтау-білім қорабы) осындай нәтижеге әкеліп соқты: әр түрлі жағдайда ол қолданыла алмайды, ол үшін көрнекті әдіс-тәсілдер керек, қосымша білімсіз, оны тәжірибеде қатесіз қолдану қажет.

Мұндай әрекеттің бағдары негізінде (ӘБН) схемасы болып аталынған. Диагностика және емдеуге сәйкес ӘБН схемасында алдын ала тағайындалған әрекеттер мен операциялар тәртібі және кезектілігі көрсетілген.

Олар студенттің игеріп жатқан біліміне толық бағдар береді.





**6-сурет. Оқытудың операциялдық үлгісіндегі білім беру схемасы.**

ӘБН схемасы тәжірибелік әрекеттің құрылымдық-логикалық тізбектің жүйелілігін білдіреді. Материалды көрсету түрінің құрылысына қарай олар: схемалар, кестелер, оқу картасы, әдістемелер, тізбекті сұрақтар қатары, қосымша заттар - модельдер, дұрыс әрекеттің бағдарын көрсететін қондырғылар (қозғалғыштық, перцептивтілік, ойлану, сөйлеу). «Схема» термині шарттылық және жалпылаулық мағынаны білдіреді.

Әрбір белгілі бір жағдайда «схема ӘБН» мазмұнының түсінігі басқа немесе әр түрлі әдістемелік құралдарда пайдалануы мүмкін.

Оқу әдісі келесіде қорытындыланады:

- оқушы берілген тапсырманы оқиды, ол бұл есептің шешімін білмейді.

- содан соң, ӘБН схемасын пайдалана отырып, берілген тапсырманың шарттары бойынша керекті қимылдар жасайды.

- егер, ол схемада берілген бұйрықтарды қатал түрде орындаса, керек кезде оқытушыдан бағдар алса, белгілі-бір уақыттан соң тапсырма шешімін табады.

Белгілі әдістің еркшелігі мынада, ӘБН схемасы әркіммен қолданылады, бұл оқуда ғана емес, өзіндік оқуда да қолайлы.

Оқудың операциялдық моделі тәжірибеге көбінесе медициналық ЖОО клиника кафедрасына енгізіледі, көптеген тәжірибе ӘБН схемасын құрауға жиналған операциялдық дәрігерлердің есебі арқылы. Оқудың операциялдық моделін іске асыруда педагогикалық бақылау маңызды, логикалық норматив және өзіндік қарау іс-әрекеті арқылы орындалады.

Оқудың операциялдық моделінде студенттің субъективті тәжірибесіне арнайы көңіл бөлінбейді – субъектіге маңызды білім қоры, жеке тұлға бағдары логикалық қызығуда елеулі емес. ӘБН схемасы клиникалық кафедраларында оқытуды қолдану, оларға тән алгоритмдер кейде күшті студенттердің қызығушылық белсенділігін және өзіндік жұмысын төмендетеді. Бұл жағдай осы әдісті сынға әкеліп соқты.

Операциялдық іс-әрекетті медициналық білімге енгізуде педагогиканың көзқарасы бойынша дәрігер-маманның кәсіптік қызметіне қойылатын талаптардың нақты жазылуы студенттердің дәрігерлер міндеттерін орындау мен міндеттерін шешуде дайындығын қамтамасыз етеді. Бірақ бұл тәсілдің маңызды құрамдас бөлігі – орташа оқытындарға бағдарланған нормативтік (стандартқа сәйкестігі, берілген нормалар), басқарушылық және технологиялық – бірдей бағалануы мүмкін емес.

Көрсетілген оқу модельдерін талдай отырып, біреуін басқаларынан артық деп айту медициналық білім системасында қиын. Әр түрлі нұсқаларды қолдану дұрыс болады. Бір оқу моделін таңдау әр түрлі факторларға байланысты. Оқушының жасы, педагогтың кәсіптік шеберлігі, оқу процесіне керек заттарды беру т.б. Оқу процесінің әр этаптарында керегін қолдану керек.

Төменгі курстарда ақпараттық модельдер қолданылады. Жалпы клиникалық тәртіпте операциялдық іс-әрекет моделі, ал профилді медициналық тәртіпте - жеке бағдарлық модельдер.

### 3 тарау. Медициналық жоғарғы оқу орындарындағы оқу үрдісі бойынша қолданылатын әдістер

Медицина жоғарғы оқу орындарындағы оқу үрдісі бойынша қолданылатын әдістер. Қазіргі кезде медициналық жоғарғы оқу орындарында білікті кадрларды денсаулық сақтау жүйесіне дайындау үшін мынадай педагогикалық әдістер қолданылады:

- жоо дәрісі
- тәжірибелік сабақтар
- семинарлар
- лабораториялық жұмыстар мен тәжірибелер
- студенттердің аудиториядан тыс өзіндік жұмысы
- студенттердің аудиториядағы өзіндік жұмысы
- бақылау жұмыстары
- өндірістік тәжірибе

Бұл әдістердің әрқайсысына жеке-жеке тоқталып, оларды медициналық білім беру жүйесінде тиімді қолдану жолдарын қарастырып көрелік.

ЖОО дәрістері. Тіпті жаңа ақпараттық технология заманында да дәріс медициналық ЖОО-дағы білім берудің жетекші түрі болып қала береді. Тіпті интернеттің өзі де дәріскер мен студенттің арасындағы жанды қарым-қатынасты алмастыра алмайды. Алайда бұл дәріскер тым теорияланған және студенттің ішкі әлеміне әсер етпейтін, диссертацияның «академиялық» тілін емес, «тірі, жанды» тілді қолданғанда ғана өзіне қойылған шынайы талапты ақтайды.

Қазіргі уақытта медициналық ЖОО-да дәріс мынандай жағдайларда оқылуы қажет:

- оқулықтарға әлі еніп үлгімеген ғылымның жаңа бағыттары пайда болған жағдайда;
- жазылып қойған оқулықтардағы материалдарға белгілі-бір түзетулер енгізу қажет болғанда;
- студенттердің өздері шеше алмайтын қиын мәселелерге басқа тұрғыдан келу қажет болғанда.

Дәріс әр уақытта кәсіби сана-сезім мен кәсіби ұстанымның қалыптасуына, жеке тұлғаны деонтологиялық тәрбиелеуге, кәсіби дайындыққа кәсіби тұрғыдан келуге бағытталған неғұрлым эмоционалды әсер ету құралы болып саналған.

Оқытудың басқа түрлеріне қарағанда дәріске мынадай артықшылықтар тән:

- дәріскердің аудиториямен тікелей шығармашылық қарым-қатынасы;
  - тыңдаушылармен бірлескен шығармашылық;
  - эмоционалды әсер ету;
  - студенттерді ғылымның жаңа жетістіктеріне бейімдеудің үнемді тәсілдері;
  - студенттердің келесі өзіндік жұмыстарына ынталандырудың тиімді тәсілдері;
- Сонымен қоса олардың өнімділігі мына көрсеткіштер арқылы бағаланады:

- айқын, сендіре алатындай мысалдар мен фактілердің болуы;
- ғылымилығы, ақпараттылығы, дәлелділігі және мазмұнының дәйектілігі;
- ұсынылған материалдарға мәселелік тұрғыдан келуге көбірек көңіл бөлу;
- мазмұн құрылымының айқындығы мен оны ашып көрсетудің қисындылығы;
- дәріскердің сауаттылығы, мақсат қою мен мәселені өзектілендіре білу, басты және

қосымша қорытындыларға әкеле білу, кері байланыс қалыптастыра алу, жаңа терминдердің жазылуын, қолданылуын, көрнекі құралдарды пайдалана алу шеберлігі арқылы көрінетін дәріскердің әдіскерлік шеберлігі;

- дәріскердің аудиториямен өзара эмоционалды қатынасы, ойлау процесін белсендендіруге жағдай жасау, жаңалық эффектісі, пікірталас элементтерінің болуы, зерттеушілік сипаттағы сұрақтарды қою және студенттерді ғылыми және клиникалық ойлану «лабораториясына» қатыстыру.

«Ақпараттық типтегі» дәрістердің артықшылықтарымен қатар «әлсіз жақтары» да (кемшіліктері) бар:

- студенттердің белсенділігінің төмендігі;
- дәріскер мен студенттің арасында кері байланыстың болмауы;
- студенттерде догматизм және тәуелділіктің даму қаупінің болуы.

Интерактивті әдістерді қолдану арқылы «ақпараттық дәрісті» қызықты және тартымды өткізуге болады. Мұндай интерактивті әдістерге мыналар жатады:

- Сұрақтар;
- Ой түрткі (ойлау әрекеттері);
- Пікірталастар (дебаттар);
- Бір сөйлеммен қорытындылау;
- Бір минут ішінде эссе жазу;
- Бағаланбайтын тестілер;
- Тұжырымдамалы тестілер (концептуалды).

Соңғы кезде дәрісті жүргізудің инновациялық түрлері жасалды және енгізілді (Н.В.Кудрявая және қосымша автор):

- Мәселелі дәріс
- Екеу аралық дәріс
- Визуалды дәріс
- Алдын ала қателермен жоспарланған дәріс
- Дәріс – конференция немесе консилиум.

*Мәселелі дәріс.* Олар шығармашылық оқытумен байланысты және оқытушының мәселелі жағдай тудыра алу шеберлігіне байланысты. Мәселелі дәрістің негізіне қайшылықтарды шеше білу және оны жеңу әдістері арқылы оқыту жатады.

Мәселелі дәріске тән белгілер төмендегідей:

- пікірталастық жағдай туғызу;
- пікірталасқа қатысу үшін студенттердің білімін ұйымдастыру;
- жаңа материалдарды мәселелі тапсырма түрінде ұсыну;
- мәселелі тапсырмаларды шешу тәсілдерін іздестіру (дәріскердің пікірі және оған тыңдаушыларды тартуы);
- көздеген мақсатқа бір жаңалық сияқты біртіндеп келу;

Мәселелі дәріс кезінде студенттер ізденуге, білуге, зерттеуге тырысады.

Биология, гистология, физиология т.б. пәндерді оқытқан кезде визуалдық дәрістер кең қолданылады. Визуалдық дәріс ақыл-ой әрекетімен түсініктердің қалыптасуына негіз болатын визуалдық түрге айналған жүйелі әдістемелі жағынан өңделген, студенттердің кезең-кезеңімен жақсы түсінуіне негізделген ауызша ақпараттар. Мұндай дәрістер алдына ала дайындалған визуалдық немесе аудиовизуалдық үзінділерді түсіндіруге келіп тіреледі. Визуалды дәріс кезінде көрнекті құралдарды пайдалану өте тиімді.

Оқытушының міндетіне әртүрлі визуалды тәсілдерді (нақты нысандар, суреттер, сызбалар) таңдау және оған жағдай туғызу кіреді:

- студенттердің қолдағы оқу материалдарын жүйелеуі;
- олардың жаңа ақпараттарды меңгеруі;
- мәселелі жағдайларды анықтау мен шешу.

*Екеу аралық дәріс.*

Ол неғұрлым күрделі мәселелерге қарағанда әртүрлі пәндердегі үлкен ғылыми материалдарды бір-біріне жақындастыруға мүмкіндік береді. Бұл дәрісте теориялық және тәжірибелік сұрақтар арқылы шындық жағдайлар диалогты түрде талқылынады.

Дәріс тақырыбы бір ғана мәселеге түрлі ғылыми мектеп өнімдерінің пікірталастыруына мүмкіндік береді. Мұндай жағдайда пікірталас жүргізуге тән бірнеше шарттарды сақтау қажет.

Осындай диалогқа студенттерді тартуға да болады (олар сұрақ қояды, өздерінің көзқарастары туралы сұрақтарды талдайды).

Екеу аралық дәрістерде белгілі-бір тарамдарды қажет етеді, олар:

- интеллектуалды және жеке тұлғалық түсінушіліктер;
- коммуникативті дағдыларды дамыту;
- талқылау барысында жылдам шешім қабылдау;
- тез шешім қабылдау қасиеттері;

Екеу аралық дәріс студентке мәселелерді тәжірибеде терең, жан-жақты шешуіне көмектеседі.

**Алдын ала қателермен жоспарланған дәріс бірнеше қызмет атқарады:**

- мотивациялық
- диагностикалық
- бақылаушы

Мұндай дәрістер үшін бастауыш материалдар дәрігерлік қателер болуы мүмкін (диагностикалық, мінез-құлықтық, этикалық т.б.), ескірген, қате ғылыми түсініктер.

Оқытушы осындай дәрістерді дайындауда, оның мазмұнына белгілі-бір көлемде қателер енгізеді. Дәрістерді оқудан бұрын оқытушы студенттерге өзінің ойын айтады, байқалған қателерді қадағалап отыруды ескертеді. Дәріс оқылып болған соң дәріскер қателер тізімін айтып, оларды студенттермен бірге талқылайды.

Мұндай дәрістер студенттерді мұқият тыңдауға бейімдейді және дәріскердің оқу материалдарын олардың түсіну деңгейлерін тез бағалауына мүмкіндік береді.

Дәріс-консилиум немесе конференция студенттердің оған алдын-ала жазбаша қойған сұрақтарының жауаптары берілген құралымдық мәтін. Сұрақтар студенттердің қызығушылығы мен білім деңгейін көрсетіп беруі тиіс. Дәріскер дәріс соңында сұрақтар мен жауаптарға талдау жасайды. Мұндай дәрістерді былай өткізу ұсынылады:

- алдымен үлкен бөлімдер мен пәнді оқытуда, студенттердің мүмкіндігі мен бағыттылығын айқындау.

- пәнді немесе үлкен бөлімді оқытудың соңына материалды бекіту және жүйелеу үшін, қорытындыны шығарып, әрі қарай жұмыстың жоспарын анықтау.

Дәріс таным мен ізденістің бастау алаңы болуы үшін, оған танымдық бағыт берудің, өтіліп отырған пәннің объективті маңыздылығын дәлелдеудің, оның субъективті мәнін ашудың, тыңдаушыларды ойлануға мәжбүрлеудің маңызы өте зор. Деректерге шолу жасап, идеяларды, қорытындыларды салыстыра және ғылыми бағыттарға, әдістерге талдау жасай отырып, дәріскер негізгілерін бөліп алады, тыңдаушылардың назарын негізгі жағдайлар мен маңызды сұрақтарға бағыттайды, оқу әрекеттерін ұйымдастыру туралы кеңестер береді, дереккөздерді оқуға, ізденуге, эксперимент жасауға олардың қызығушылықтарын оятады.

*Тәжірибелік сабақтар, семинар сабақтары.* Семинар сабақтарында (латын сөзі *seminarium* көшет өсірілетін ыдыс) студенттердің өз бетінше жұмыс істеуіне үлкен мүмкіндік беріледі.

Семинар - белгілі бір оқу материалдарын (теориялық, қолданбалы, мәселелік) оқытушының жетекшілігімен топпен талқылау формасы. Семинар білім беруде бірнеше қызмет атқарады:

- дамытушы (сыни, шығармашылық ойлауды дамыту, сендіре алу, өзінің көзқарасын негіздей және қорғай алу);
- ұйымдастыру – бағдарлау (әдістемелік құралдармен жұмыс, дереккөздерді іздеу, әдістерді таңдау және мәліметтерді өңдеу т.б.);
- мотивациялық (танымдық қажеттілікті дамыту).

Әдетте семинар дәрістерден кейін өтіледі және студенттердің білімдерін тереңдетуге және тәжірибеде оны қолданудың жолдарын талдауға негізделген. Семинар сабақтары студенттердің білімін жүйелеуге, нақтылауға, тексеруге, терминдерді меңгеруге және оларды еркін қолдануға, ғылыми тілде өз ойын нақты айтуға және дәл үйренуге, фактілерді талдауға, диалог жүргізуге оппонент болуға мүмкіндік береді. Семинарда студенттердің интеллектуальды жұмыстары жеке тәжірибеде қолданылады. Алайда, жоғарыда айтылғандай топтың формасы да (топтың көлемі 3-4

адамнан болғаны жөн) болуы мүмкін. Семинарда топтық интеллектуалдық тапсырмаларды кезеңдік қолдануда оқытушы барлық оқитындардың белсенді қатысуына мүмкіндік береді; студенттердің өзара ынтымақтастық дағдысына ұластыру; ынтымақтастықтың және еңбек бөлінісінің уақыты есебінен үнемдеу топтың жетістіктерімен идентификацияны жүзеге асыру. Семинардың нәтижесінің маңызды жағдайы мыналар болып табылады: ынтымақтастықтың атмосферасы, өзара түсінісушілік, сенушілік жағдай, даулы (пікірталастық) идеяларды айту, студенттердің қателесуіне жол бермеу. Семинар сабақтары қызықты, әсерлі өтуі үшін интербелсенді әдістерді қолдану керек.

Семинардың маңызды элементі пікірталас болуы мүмкін (латын сөзі *discussion* - қарау, зерттеу) - ол көпшіліктің қандай-да бір даулы сұрақтарды, проблемаларды талқылауы. Оқытушының негізгі міндеті: дискуссияның «қызуын өршіту» оны жүргізудің әдебін дұрыс бағыттау, ғылыми ізденістің пәннен ауытқуына жол бермеу. Жасампаздық конфронтация әдісі пікірталасты өткізуге жағдай жасайтын тиімді тәсіл болып табылады (тым ымырашылдық семинарға қатысушылардың жабырқауы мен зерігуіне әкеледі). Ой пікірлердің тәуелсіздігін, аяқ астынан болуын көтермелеу, көзқарастарының қарама-қайшы болуын дамыту. Оқытушы (референт) дискуссияның тиімділігін арттыру үшін орындататын сұрақтар дайындап алуына болады; топтың проблемаларын анықтау, тақырып бойынша көркем мысалдарды жетілдіру және салыстыру; дискуссияның (басты пункті) түйінді сұрақтарын құру және бөліп алу. Дискуссия әрқашан қорытындысын шығарумен және пікірлерді шолумен аяқталуы тиіс. Дискуссиялық форма студенттердің шығармашылық қиялын дамытуға, сыни және креативті ойлауға ынталандырады, шындықты және т.б іздеуді жүзеге асырады.

Дискуссияға жақын мәселелерді көпшілік талқылаудың бір формасы - диспут (латын сөзі *disputar* – байымдау, айтысу) - өз ұстанымдарын қорғайтын екі немесе одан да көп жақ қатысатын қоғамдық және ғылыми тақырыптарға арнайы дайындалған және ұйымдастырылған көпшілік пікірталас. Семинар диспуттың мақсаты дүниетанымдық ұстанымын бекіту, баяндауды қалыптастыру болып табылады. Диспутты сәтті өткізу үшін маңызды дайындық керек, мәселелермен таныстыратын бағыт-бағдар және дәрісханада адекватты атмосфера құру қажет. Диспутқа қатысушыларды кіші топтарға бөліп, әрқайсысына алдын ала дайындалған сұрақтар беріп, аргументтер мен хабарларды дайындау диспуттың табысты болуы тақырыптың ашылуы мен әр түрлі екі жақтың ұстанатын қорытындысымен көрінеді. Оқытушы диспуттың міндеттерін, оны жүргізудің жорамалын, қатысушылар талқылау нәтижесіне қол жеткізу үшін мұқият ойластыруы қажет, қорытындысын талқылау нәтижесіне қол жеткізу үшін мұқият ойластыруы қажет. Жүргізуші қарсы сөйлеушіге сөз береді, регламентті сақтауын қадағалап, шығып сөйлейтіндердің кезегін реттейді, талқылау соңына дейін дұрыс жүргізілуіне қам жасайды. Диспут қорытынды шығарумен аяқталады, пікірталас жүргізген екі жақтың сұрақтары қаншалықты терең және әдістемелік шындыққа қаншалықты лайықты қойылды, қанша жауаптары дұрыс болды және екі жақтың мәселелерді меңгеру сапасы қандай мақсатта болды; қызықты қойылған сұрақтар мен жауаптарды және кіші топтардың дайындық сапасы мен белсенділігіне баға беріледі.

Студенттердің өзіндік жұмысы дегеніміз – оқытушы жетекшілігінің қатысуынсыз өтетін білімді меңгеру іс-әрекеті. Ол өзінше білім алуды қалыптастырады, үздіксіз білім алу базасын құрады, өздігінен біліктілігін көтеруге мүмкіндік алады. Оқытушының бақылауымен жүргізілетін өзіндік жұмыстардың түрі:

- 1) Тәжірибелік сабақтар мен дәрістерде жүргізілетін өзіндік жұмыс;
- 2) Сабақтан тыс жүргізілетін өзіндік жұмыс.

Дәрісханадағы өздік жұмыстардың мазмұнды элементтері: дәрістерді жазу және тындау шеберлігі семинарда, конференцияда, топтық сабақтарда баяндаушының сөзін сын тұрғысынан бағалау; сын пікірді, баяндаманы, өзінің сөзін шығармашылық жағынан құру; сынақтар мен емтихандарға жемісті дайындалу.

Дәрісханадан тыс өзіндік жұмыстардың мазмұнды элементтері: алғашқы дерек көздермен, құжаттар және кітаппен жұмыс және конспект жасау; дәріс материалдары бойынша жазу және түзету; оқулық, оқу құралдары және басқа ақпарат көздері бойынша материалдарды толықтыру, реферат жазу, семинарларға, конференцияларға, «дөңгелек үстелге» дайындалу; зерттеу

жұмыстарын өткізуге қатысу; әр түрлі зерттеу тақырыптары мен оқу жұмысындағы мәселелерге талдау жасау; іскерлік ойындарға дайындық, диплом және курстық жұмыстарды орындау, сынақ пен емтихандарға және т.б. дайындық.

Студенттердің өзіндік жұмысына негізінен өткен материалдарды ұғыну немесе жаңа ақпараттарды меңгеру жатады. Осы және басқа жағдайларда негізгі әдебиеттерді пайдалану қажет болады. Кітаптар мен жұмыста өзіндік бірізділік бар: алдымен кіріспе немесе алғы сөздің мазмұнымен, жалпы құрылымымен танысу; көрсетілген мәселелер туралы біртұтас мәлімет алу үшін, басынан аяғына дейін оқу, материалдарды терең ұғыну үшін қайта оқу, негізгі идеяларды ерекшелеу, сыни және позитивті сұрақтарды көру, дәйектердің жүйесін тізу. Оқу ережесінде ұғымдар және терминдермен жұмыс, бұл ғылыми кітаптарды белсенді пайдалануға және түсінуге мүмкіндік береді; авторлардың идеясын есте сақтау, осы және басқа тұжырымдамалардың негізгі бағыттарын бөліп алу, мүмкіндігінше оқылған материалдың тізімін жүргізу. Бұл студенттерге білім жүйесін меңгеруге, оларды есте сақтауға және анықтап белгілеуге мүмкіндік береді.

Конспектіде (латын *conspetus*—шолу) автордың жаңадан енгізген деректерінің негізгі ұстанымдық жағдайлары, негізгі әдістемелік жұмыстары, дәйекті айғақтардың кезеңдері және қорытындылары бейнелегені жөн. Конспектіні жүргізудің түрі әр түрлі болуы мүмкін, бірақ конспект әрқашан автордың аты-жөні көрсетілуімен, жұмыстың толық аты, басылым жылы және орны жазылуымен басталады. Конспект «көзсіз» тұтастай мәтіннен тұратын болмауы керек. Керекті мәліметтерді тез табу үшін, ерекше маңызды жерлер, айқын мысалдар әр түрлі символдармен ажыратылады. Конспектіге жеке пайымдауларды, конспект жазғаннан кейінгі немесе үрдіс кезіндегі ойларды, анықтауды қажет ететін сұрақтарды жазу керек.

Рефератты дайындау (лат. *referre*—баяндау, хабарлау) студенттердің білімін тереңдету және кеңейтуге себепші болады. Студенттік рефераттар ереже бойынша семинар сабақтар мен дәрістерде оқыған материалдармен, негізгі сұрақтармен толықтырылады және дамытылады. Жетекші орынды кәсіби қызығушылықты таныстыратын тақырыптар орын алады, өзіне жаңашыл элементтерді қамтиды.

Реферат материалдарында ғылыми жұмыстардың, кітаптар мен мақалалардың, алғашқы құжаттардың жазбаша үлгісі таныстырылуы тиіс. Рефератты дайындау барысында студент білімді жүйелеуді, қайта өңдеуді, талқылауды үйренеді, нақты құбылыстарды саралауды, осылайша қарастыра отырып, ғылыми зерттеу дағдыларының алғашқы қызметін меңгереді. Рефератқа бірнеше деректердің шолуы енгізілуі тиіс және семинарда белгілі бір тақырыптағы баяндама айтылуы тиіс.

Реферат жазу қосымша оқу формасына жатады. Маңызды болса да қосымша оқу формасына жоғары мектептерде конференциялар мен коллоквиумдарды жатқызады. Конференция – бұл нақты көрсетілген мәселелер бойынша білімді ғылыми хабарлау түрі.

Конференция шығармашылығымен, пікірталастығымен, өзіндік сипатымен ерекшеленеді, оған алдын ала бағдарлама жасалады (қатысуға өтініш беріледі) және бекітіледі.

Семинарға қарағанда мұнда талқыланатын мәселелер ғылыми, терең және жан жақты жеке мәселелер қарастырылады.

Коллоквиум – тарау бойынша, тақырыптық блок бойынша оқытушының студенттермен білімдерін анықтау мақсатындағы әңгімелесу. Осылайша оқытушы–профессорлар құрамына оқу-тәжірибесі мен әдісінеғ олардың барлық мүмкіндіктеріне таңдау жасалады.

Осы әдістерді дұрыс қолдану арқылы білім сапасын көтеріп, студенттер үшін оқыту үрдісін қызықты етеді, ең бастысы университет қабырғасында оқытудың жылдан-жылға, пәннен пәнге жүйелі болуы халықаралық деңгейдегі бәсекеге қажетті білікті маман даярлау қалыптасады.

Инновациялық бағыттың арқасында оқыту нәтижесінің маңыздылығын, білімді меңгеріп, оны практикада қолдануды көтеруге болады.

Медициналық білім беруде тұрақталған парадигмалардың өзгеруі медициналық ЖОО-ның студенттерін дайындаудың деңгейін жоғарылатып қана қоймай, сонымен қатар ПОҚ-ң тұлғалық өсуі мен дамуын ынталандырады, оларды алға жетелейді, өздіктерінен жетілдіреді оқытушылар арасында лайықты бәсеке қалыптастырады.

Оқытудың жаңа технологиясын қолдану медициналық университетті халықаралық бағдарламалар деңгейіне жақындатады, университеттердің әлемдік білімдік кеңістігіне кіруіне себепші болады, университеттердің әлемдік рейтингте жетекші орынға үміттенуіне мүмкіндік береді.

Медициналық ЖОО-да оқыту әдісі студент пен педагогтың бірлескен қызметі, бұл тәсіл құндылықтар мен мақсаттарды таратуға бағытталған, болашақ дәрігерлердің тұлғасының қалыптаса бастауын алдын ала анықтау және білім мен дағдыларын меңгеру, осы кезеңдегі қоғамның мұқтажына сәйкес қызметіне қажет. Медицина университетінің оқу үрдісіндегі ерекшеліктері оқытудың соңғы мақсаты жетістіктеріне бағытталуынан тұрады.

Бұл мақсаттар маманның біліктілік мінездемесінде көрсетілген. (<http://www.medbio-kgmu.ru/cgi-bin/go.pl?i=549>)

Студент-дәрігер оқу барысында ғылыми-техникалық прогрестің даму деңгейіне байланысты ЖОО-ғы медицина мамандығына байланысты жұмыстарды, әр түрлі құзырлылықты және денсаулық сақтау жүйесіндегі тұлғалардың негізгі бағыттарын меңгеруі керек. Түпкілікті мақсатқа жету үшін әр оқу пәнінің түпкілікті нәтиже беруінің маңызы зор. Қазіргі уақытта медициналық білім беру жүйесіндегі пәнді меңгеру тәртібі клиникалық ой-өрістің дамуына байланысты: физика-химиялық және медицина-биологиялық пәндерге, негізгі білім беретін және кәсіби клиникалық тапсырмаларды шешу мүмкіндігін қалыптастыратындығына. Тек соңғы жылдарда ғана пәнді меңгеруде модульді оқыту ретінде инновациялық әдістер және оқытудың жаңа әдіс-тәсілдері енгізіле бастады (жағдайлық тапсырмалар, интерактивті сабақтар т.б)

Жоғарғы медициналық білім берудің мақсаты болашақ маманды жауапкершілігі жоғары, уақытында көмек көрсете алатын, мейірімді және жанашыр болатындай етіп қалыптастыру. Бұл мақсаттар дәрігерлік қызметтегі екі басты ерекшелікті айқындайды:

- Олардың біріншісі, құндылықты-мәнді, студенттің гуманистік кәсіби даму деңгейі, гуманистік құрылымдарды қабылдауы;

- Екіншісі, кәсіби мәдениеттің негізі мен әрекетін технологиялық меңгеруіне байланысты.

Дәрігердің кәсіби және тұлғалық даму деңгейі дәрігерлік қызметтегі осы екі компоненттің қаншалықты дамығаны мен үйлескеніне байланысты.

Студентке медициналық оқу орнының жалпы стратегиясы түсінікті болған сайын, оқу орнындағы кафедраларда педагогикалық процесс тиімді жүреді.

### **3.1.1. Медициналық ЖОО оқытудың перспективалық әдіс-тәсілдері**

Ғылымның қарқынды дамуы және техникалық прогресс адамдарға жаңа зерттеулердің ақпараттық технологиясын ұсынады: бізді қоршаған ортаның пайда болуы, қалыптасуы, тірі ағзалардың өмірін қамтамасыз ету, соның ішінде молекулярлық деңгейдегі адамның геномы, мысалы инновациялық әдіспен емдеуді құру үшін және кейбір генетикалық аурулардың коррекциясын.

Осыған байланысты соңғы жылдары ғылыми жаңалықтар есебінен жас мамандарға білім беру үшін әдіс-тәсілдерді енгізу, дамыту туралы сұрақ туындайды. Бірақ қазіргі ЖОО-да оқытушылардың міндеті болашақ маманды тек қана ғылыми-педагогикалық, ақпаратты тұлға ретінде ғана қалыптастырмай, оның болашақта осы алған білімдерін кез-келген кезде туындайтын қиындықтарды шешуге пайдалана алатындай, жан-жақты дамуға бағыт беруі керек.

Бұларды шешу үшін медицина университеттері студенттің оқу тәжірибесіне тиімді әдіс-тәсілдерді ұсынып, студенттің тәжірибесіне жаңалық енгізген әлемнің алдыңғы қатарлы технологиялық компанияларымен бірлесіп жұмыс істеуде. Әсіресе болашақ мамандарды тәжірибелік дағдымен дайындау негізгі мәселе болып отыр.

Әлі күнге дейін Қазақстан медицина университеттерінде студенттерді тәжірибелік дағдымен оқытудың әдіс-тәсілдерінің көп бөлігі өзгермеген бұрынғы тәсілдермен өткізіліп жүр. Болашақ

дәрігерлер мәйіттермен (адамның, жануардың), оларды тірі жаннан айырмашылықтарын айқындаумен жұмыс жасайды. Шынайы тәжірибені бірінші науқасқа ота жасауда алады. Қиын жағдайда, отадан кейінгі асқынуға дейін әкеп соғуы мүмкін.

Дәстүрлі оқыту және дәрежені көтеруде медицина университетінің хайтек-компаниясымен жаңа білім беру тәжірибесін іздестіру үшін тығыз байланыста жұмыс істеуінің арқасында іске асып отыр. Осындай шешімдердің бірі әр түрлі жаттығуларда симуляторда көрініс бере бастады, интерактивті оқытуға және сапалы 3D пайдалануға жол ашты. Медицинада мамандардың қателіктері көп кездеседі және адамның өмірі маманның дайындағына байланысты.

Көптеген ауыр оталар (мысалы, пластикалық хирургиялық) дәрігердің тыңғылықты дайындығын және медициналық құралдарының дайын, таза болуын талап етеді.

Медициналық симуляторларда медициналық қателіктер кетпес үшін ота жасауға алдын ала мұқият дайындалуға, күрделі жерлерін анықтау үшін әр түрлі сценарийлермен дайындалуға мүмкіндік береді. (<http://www.ve-sim.ru/simulation.html>).

Қазіргі медицина университеттері тез, әрі тиімді оқыту үшін интерактивті оқытудың технологиясы мен жүйесін пайдалануда.

Жақында жүргізілген зерттеудің нәтижесінде оқытудың әр түрлі әдістерін қолдануда материалды қаншалықты меңгергендігі анықталды:

Мәтінді оқу-30%

Оқу және визуалдау-40%

Оқу, 3D визуальдау, дыбыс (мультимедиа)-50%

Мультимедиа және білімді интерактивті тексеру-75%

Интерактивті оқыту жүйесі (білімді тексеру жаттығулары және симуляторлар, ойын түрінде)-90%

Алдыңғы қатарлы хайтек-компаниясы медициналық білім беруде қолдануға болатын интерактивті мультимедиялық оқытудың жүйесін, дистанциялық интерактивті оқыту жүйесін (3D internet), виртуалды лабораторияны т.б. құру қызметін ұсынады. Жаңа технология компьютердің көмегімен интербелсенді оқытуға мүмкіндік береді, тұтынушылар бұны өз беттерінше оқи алады.

Интербелсенді оқу барысында тұтынушылар оқу материалдарын тек қана оқып, тыңдап қана қоймай, сонымен қатар оқытушы сияқты онымен өзара қатынасқа түседі. Бұл білім алушыға оқудың көлемін, уақытын анықтауға мүмкіндік береді.

Бұдан басқа мұндай интербелсенді оқудың мультимедиялық жүйесінде компьютердің барлық мүмкіндіктерін пайдалануға болады, 2 D және 3D графикасы, сондай-ақ оқу материалдарын меңгеру дәрежесін ұлғайтады.

Интербелсенді оқу жүйесінің жалғасы болып e-learning-электрондық және дистанциондық білім, яғни оқытушы мен студент бір-бірінен қаншалықты алыс тұрса да бір-бірімен өзара қарым-қатынасқа түсе алады. Интернет арқылы қарым-қатынасқа түсу үшін электронды пошта, чат (ICQ и Skype), дыбыс және бейнеконференциялар т.б. пайдаланылады.

Бүгінгі күнгі ЖОО білім беруде қолданылып жүрген оқытудың тәсілдерін: дәріс, кеңес, семинарлар, жобалар, лабораторлы-тәжірибелік сабақтар, ойындар, жағдайлық тапсырмаларды қазіргі компьютерлік технологияның көмегімен модернизациялауға болады.

1. Дәріс. Қолданылатын техникалық құралдың түріне байланысты оқу, дәріс болуы мүмкін.

- Теледидарлық
- Аудиодәріс
- Бейнеконференция арқылы дәріс
- Бейнетаспадағы дәріс
- Электронды дәрістер

Интернет арқылы оқылатын дәрістің өту мерзімі тыңдаушылар санына байланысты болады. Мұндай дәрістердің үлгісі мына сайтта көрсетілген: <http://www.youtube.com/watch?v=kBdfcR-8hEY>.

2. Кеңес. Бұл студенттің оқытушымен кеңесуі. Олардың бір-бірінен қанша алыс тұрғанмен интернет арқылы да кеңесуіне болады. Бұл да тыңдаушының санына байланысты:



- топтық
  - жеке болуы мүмкін.
- Өткізу уақытына байланысты:
- уақытында (чат, ISQ, факс, телефон т.б.)
  - кейінге қалдырылған (электронды почта, форум т.б.)

3. Семинарлар. Семинар оқытушы жетекшілігімен өтетін студенттердің оқу бағдарламасы тақырыптарын топ болып талқылаулары. Қазіргі технология төмендегі семинарлардың түрін өткізуге мүмкіндік береді.

- Семинар-чат
- Асинхронды семинар
- Семинар-видеоконференция

Электронды семинарға дайындалуда мыналар қажет:

- Сұрақтарды дайындау, қолданылатын әдебиеттер тізімі, MP;
- Кесте құру (уақыты, күні, семинар түрі)
- Талданған (дайындалған) құжаттарды тарату
- Идентификациялық код пен пароль беру
- Тест дайындау
- Семинар соңында бағаларын қою.

4. Зертханалық – тәжірибелік дағдыларды үйрету, әсіресе, зертхана-диагностикалық зерттеу жасауда, науқасты тексеруде, зертханалық практикумда заманауи технология қолдана отырып, «қашықтықтан» оқыту мүмкін еместей көрінеді. Алайда, әлемдік интернет жүйесінде On-Line тәртібінде өткізілген лабораториялық – тәжірибелік сабақтардың үлгісі өте көп. Бұл сабақтарға қатысушылардың санына қарай, оларды жалпыға бірдей және жекелеген деп бөлуге болады.

Зертханалық жұмыс жүргізу үшін төмендегілерді пайдалануға болады:

- Виртуалды-зертханалық практикум (<http://www.hhmi.org/biointeractive/vlabs>; <http://www.itg.lbl.gov/cgibin/vfogsript>)
- Алып тастайтын құралдармен, жұмыс жасау (Lab View фирмы National Instrument, АҚШ).

5. Оқу жобалары. Оқу жобасы – қандай да бір мәселені шешудің ортақ нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған оқу-танымдық, шығармашылық немесе ойын түрлерінде өткізілетін бір мақсатты көздейтін бірнеше қатысушының өзара келіскен әдістері, жүргізе білу қабілеті. Оқу жобаларын сондай-ақ жекелеген түрде де жүзеге асыруға болады. Студенттердің қабылдау қабілеттеріне қарай олардың мынадай түрлері болуы мүмкін:

- Реферат
- Оқу тапсырмалары
- Эссе
- Ғылыми баяндама
- Мақала немесе тезис
- Презентация

Мұндай тапсырмалардың үлгілерімен төмендегі сайтта танысуға болады:

<http://www.youtube.com/watch?v=nAXCmlEZCOK>.

6. Рөлдік ойындар «Ғаламтор» арқылы интербелсенді оқыту әдістерін рөлдік ойындар көмегімен де жүзеге асыруға болады. Бұл үшін ең көп қолданылады:

- Иммитациялық (ұқсастыру) ойындары
- Операциялық ойындар
- Рөлдерді орындау
- Іскер театр

Мысалы: <http://www.youtube.com/watch?v=JFVkzYDNJqo>.

Осылай, заманауи талаптарға сай жоғары білім беруде электронды құралдарды пайдаланудың мүмкіндіктері шексіз, әрі мынадай ұтымды жақтары бар:

- Дереккөздерге сілтемені әр түрлі форматта беру мүмкіндігі уақыт пен әдіс – тәсілдерді үнемдейді;
- Оқыту материалдарын жеткізудің тиімді тәсілі;  
Кез – келген уақытта, кез-келген орында оқыту ресурстарының қол жетімділігі.
- Жеке және белсенді оқытуға бағытталған.
- Оқыту материалдарын ыңғайлы форматта пайдалануға мүмкіндік береді.

«Компьютерлік жаттығуларды» пайдалану да медициналық білім беруде ұтымды бағыт болып табылады. Компьютерлік жаттығулар алғашқыда пилоттарды оқыту үшін авиацияда қолданылды. Бұлар меңгеруге (отработка) кеткен уақыт пен игеруді (ресусты) айтарлықтай дәрежеде үнемдеуге мүмкіндік береді. Адамдарды осы немесе басқа да арнайы дағдыларға үйрету үшін енді шынайы жағдайды жасаудың қажеті жоқ. Бұл үшін компьютерлік жаттығулардың әртүрлі моделдері (нұсқаулары) бар:

1. Механикалық моделдер: Қазіргі уақытта болашақ дәрігердің жан-жақты дамуын тездетуге арналған арнайы механикалық үлгілер бар. Мысалы: мұндай үлгілер эндоскопты меңгерте білу үшін қарапайым, арзан әрі қолжетімді ақпараттар (материалдар) қолданылады (Праведников П., [www.endoscopy.ru](http://www.endoscopy.ru)).

2. Жануарлар тіндерін пайдаланып жасалған жаттығулар. Оқыту үшін наркоздағы (уақытша жансыздандырылған) жануарларды, сол сияқты олардың жекелеген мүшелері мен ұлпаларын пайдаланады. («Ex vivo» үлгісі). Мұндай үлгілерді (моделі) ЭРХПТ, эндоскопиялық ультрасонография (ЭУС) және басқа да инвазивті әдістерді оқыту үшін пайдаланудың артықшылығы көп. Бұл диагностикалық емдеу шараларын оқыту үшін жас жануарлардың ұлпасы пайдаланылады, себебі олар қалыпты эндоскоптар мен басқа да құралдарды қолдана отырып, оқытуда өте пайдалы болып септеледі «Ex vivo» үлгісі үшін жаңа дайындалған мүшелерді (жануардың) пайдаланады. Мұның бір мысалы EASIE – жаттығу (The Erlangen Active Simulator for interventional Endoscopy) – бұл инвазивті эндоскопияға арналған жаттығу адам тұлғасы пішініндегі пласмасса қалыпқа салынған шошқаның висцералды мүшелерінен тұрады. Күре тамырдағы қан айналымды реттеуге мүмкіндік береді. Жаттығу эндоскопиялық гемостаз полипэктомияға, сфинктеротомия, эндопротездеу және басқа эндоскопиялық ем-шараларды жасап үйренуге көмектеседі.

Осылайша ақпараттық және hi-tech технология ғасырындағы білім беру жүйесінде ғылым мен техниканың жетістіктерін пайдаланудың болашағы зор. Оқытудың инновациялық әдістері білім берудің тиімділігін берілген білімінің сапасын, ЖОО-ның ұлттық және халықаралық дәрежедегі беделін көтереді. Әсіресе, бұл еуропалық білім беру кеңістігіндегі интеграция халықаралық дәрежедегі танылуға жоғары медициналық білімді модернизациялаудың жаңа тенденцияларына байланысты өзекті болып табылады. Жоғарыда айтылғандардың барлығы медициналық университеттердегі білім беру үрдісінің алға дамуына, жаңа үлгілерін сараптау мен енгізуге, оқытудың инновациялық әдістерін кеңінен қолдану, оқу бағдарламасын үнемі жетілдіруге, профессор-оқытушы құрамының кәсіптік біліктілігін көтеруге, білім сапасын жақсартуға қажеттіліктерді анықтап берді.

### **3.1.2. Командалық – бағыттық әдіс-тәсіл (Stefan Bauschard)**

Командалық әдіс-тәсіл студенттердің топтасып және өзбетінше, жеке жұмыс істей білуін дамытады. Бұл әдістің артықшылығы адамның өзбетінше өсіп-дамуы мен бәсекеге қабілеттілігін көтеруде таптырмайтын әдіс деуге болады.

Бұл әдістің бірқатар артықшылықтары және күшті жақтары бар:

1. Бәсекеге қабілеттілік. Командалық жұмыс адамның өз көзқарасын пайымдауын дәлелдей алуын, жылдам ойлана білуді, зерттеу жұмыстарын жүргізуді дамытады, ой өрісін кеңейтеді. Топта

(командада) бір мақсатқа жұмылдырылған адамдар саны қаншалықты көп болса, соншалықты дәрежеде дұрыс ойлау мен топта жұмыс істей алу қабілетін артырады. Тағы мынадай да маңызы бар, яғни топтық талқылау, әр түрлі идеялар арасындағы байланыстың нақты бір дәлелге айналуын үйрететін гипертексті тәсіл болып сипатталады. Топта қанша белсенді қатысушы болса, сонша дәйектер (дәлелдер) топтастырылады.

2. Жеке тұлғаның дамуы. Жеке тұлғалар арасындағы байланыс әрқашан марапатталады және достар табуға мүмкіндік береді, әрі студенттерді жігерлендіреді. Топта жұмыс істеу барысында студент өзін көрсете алады. Пән бойынша өз білімін көтеруге тырысады.

3. Білім беру компоненті. ХХІ ғасырдың басынан бері оқытудың топтық-бағыттық әдісін оқып-білуге 575 сараптамалық және 100 корреляциялық зерттеулерді әр елдегі ғалымдар мен зерттеушілер жүзеге асырды. Топтық жұмыс сыни пікірді дамытады, адамдармен тіл табыса білу мен жалпы психологиялық тұрақтылықты жақсартуға мүмкіндік беретіні анықталды. Ruggiero (1988) бұл тек қана студенттің сыни тұрғыда ойлай алатынын немесе ойлай алмайтынын анықтайтын тәсіл емес деп санайды. Топтық – бағыттық тәсіл сыни пікірлерді қолдайды, мәселені шешуге және сыпайы пікірсайыс жүргізе білуге көмектеседі, студентті жігерлендіріп, ақыл-ой жұмысын үнемі жетілдіріп отырады. (Johnson & Johnson, 1995; McKeachie, 1988; Newmann & Thompson, 1987). Оқытудың топтық-бағыттық әдісі жеке тұлғаның қатынасын және жеке тұлғалық қарым-қатынас дағдыларын қалыптастырады, студентке күш-қуат беріп, әлеуметтік мінез-құлықты қолдайды. Топтық жұмыс студенттердің тіл табысуына, бір-біріне сенім білдіруіне, бір-біріне қолдау көрсетуге тәрбиелейді, ашық қарым-қатынас қалыптастырып, дау-жанжалды бейбіт шешуге мүмкіндік береді. Бұдан басқа, топтық-бағыттауды оқыту әдісі көптеген бағыттар бойынша академиялық жетістікке жетуді арттыруға мүмкіндік береді.

4. Құзырлылықты дамыту. Топтаса жұмыс істеу сол сияқты коммуникативтілігін, студенттің медицина саласындағы өз білімін құрметтеуді дамытады. Студенттің бір-бірімен және оқытушымен қарым-қатынасын жақсартып қана қоймай, берілген тапсырманы бірігіп орындауға, топ мүшелерінің міндеттерін бөлуге, талдауға, сұхбат жасауға қажет ақпаратты іздеуге, диагноз қоюға, сол сияқты студенттер арасында да белсенді ақпарат алмасуға мүмкіндік береді.

### **3.1.3. Медициналық білім саласындағы жеке тұлғалық – бағыттық әдіс-тәсіл**

Медицина білімінде жеке тұлғалық-бағыттық оқытудың келешегі зор инновациялық бағыт болып табылады. Бұл әдістің маңызы мен тиімділігіне бір дәлел ретінде, Болон үрдісі аясында 28-29 сәуір 2009 жылы Левен/Лувен-ла-Невте өткен Еуропа Білім министрлерінің кездесуінде жоғары білім берудің басты міндеттерінің бірі, **оқытудың жеке тұлғалық – бағыттық тәсілі** екендігі айрықша айтылды.

«Левен коммюникінде» жекелеген білім алушылардың мүмкіндігін кеңейту үшін білім беру нәтижелерін жақсартуға бағытталған оқу бағдарламасын үнемі жетілдіру қажеттіліктері туралы айтылған. Үш циклда – бакалавриат – магистратура – доктарантурада оқитындарға нақты негізделген бағдарлама мен жетекші ұйым құрылымына қолдау көрсете отырып, оқыту мен білім беруге жаңа әдіс-тәсілдер енгізу. Жеке тұлғалық – бағыттық оқыту «жоғары білім беру сапасын биік дәрежеге жеткізуді, әрбір білім алушыларға ыңғайлы және жеке назар аударуды қамтамасыз етеді...» (Левен Коммюник). Сонымен, жеке тұлғалық-бағыттық тәсіл деген не, медициналық ЖОО-да білім беруді қалай өзгертуге болады, мұны оның қағидаларына сүйене отырып сөз етеміз.

Білім берудегі жеке тұлғалық-бағыттаушы тәсілдің негізгі мақсаты – бұл кәсіптік білімге дайындықтың барлық мән-мағына, сын сақтай отырып, студентті жеке тұлға ретінде қалыптастыру. Жеке тұлғалық – бағыттық оқыту технологиясының теориясы мен тәжірибесі А.В. Петровский, В.И. Слободчиков, Г.А.Цукерман, И.С. Якиманская және тағы да басқа ғалымдар қатысуымен талданды. Жеке тұлғалық – бағыттық әдіс-тәсілді төмендегі шарттарды сақтай отырып жүзеге асыруға болады:

- Оқытуға қолайлы және қауіпсіз жағдай жасалуы;
- Жеке тұлғаның өзін-өзі тәрбиелей алуын жүзеге асыру;

- Ойлауды дамыту мен қалыптастыру;
- Оқу барысында әрбір студенттің мүмкіндігі мен қабілетін ескеру;
- Студенттер тобының ерекшелігіне қарай оқу үрдісін бейімдеу.

Бұл тәсілдің құндылығы сол, мұнда әркімнің жеке тұлғасы мен қадір-қасиетін айқындап, шығармашылық қабілетін оятып, жеке тұлға ретінде өзін-өзі тану және өзін таныта білуге үйретеді. Білім берудің жағымды жақтарына сүйенеді, оның педагогикалық мақсаты – бірлік орнату, бірлесе еңбектену мен жәрдем беру. Жаңа, әрі белгісіз білімге, іске араласқан студенттердің қиындықтарды жеңе білуіне, олардың өзіндік ұмтылысы мен бастамаларын қолдануға негізделген. Бұл тәсілді табысты оқытудағы маңызды тұсы – атқарылатын әрекеттің әдістері мен мазмұнының білім алушылар үшін ұғынықты әрі түсінікті болуы.

Жеке тұлғаны қалыптастырудың «басты тетігі» болып студенттің мақсат қоя білушілік қабілетіне негізделген мағыналы білім беру үрдісі мойындалған. Бұл кәсіби шеберліктің әдіс-тәсілдері мен артықшылықтарын біріктіреді.

Педагогикалық үрдістің басты қайнар көзі – білім алушылардың шеберлігі, яғни студенттердің белсенділігі ұстаз – үлгі көрсетуші бастамасы болып табылады. ол болашақ дәрігерлердің өзін-өзі дамытуына, кәсіптік зердесін жетілдіруге және кәсіби шеберлігін шыңдауға қажетті психологиялық – педагогикалық жағдай жасайды.

Оқыту тиімділігінің бағалау межесі – студенттердің жеке тұлғалық өсу көрсеткіші. Олар болашақ «нағыз» өмірге немқурайлы дайындықпен емес, «мұнда және қазір» сияқты жағдайларға дайын болуға, өзіндік кәсіптік ұстаным мен жеке тұлға ретінде қалыптасуы үшін білім алуға саналы түрде ұмтылады.

Жасанды бағалау (мысалы, тест) қажетті ақпаратты, білімді қаншалықты меңгергенін анықтайтын құрал болып қана қалады. Басымдық шынайы дәрігерлік жағдайды (науқасты бірігіп тексеру және тәжірибеде кездескен жағдайларды клиникалық талдау). Кәсіптік өмірге жақын (нақты клиникалық және психологиялық мәселелерді шешуге беріледі). Жеке тұлғалық – бағыттық тәсілге тән оқытушы мен білім алушы арасындағы қарым-қатынас пен өзара іс-қимылдың стилі төмендегі қағидаларға негізделеді:

- Қарым-қатынас жасайтын серіктесін шартсыз қабылдау;
- Қателігі мен байқау нәтижелеріне назар аудара отырып, білім алушының дамуы мен алға басуына жағымсыз баға беруден аулақ болу;
- Өзара әрекет барысындағы шынайылық пен құқық теңдігі;
- Оқу үрдісіне қатысушылардың барлығының бір-біріне өзара баға беру мүмкіндігі, қарым-қатынастың ашықтығы;
- Өзара түсіністік пен қолдау көрсету;
- Шығармашылық бірлік пен бірлесе қызмет ету.

Жеке тұлғалық –бағыттық тәсіл қағидасы бойынша педагогтан мыналарды талап етеді (И.С. Якиманская):

- Өз студенттерінің әдетін, талғамын, көзқарасын, мінез-құлық ерекшеліктерін жақсы біліп, әрі үнемі бақылап жүру;
- Ойлау қабілеті, қызығушылығы, ұстанған бағыт-бағдары, еңбекке, өмірге құштарлығы, өзіндік пайымдауы, өмірлік жоспары т.б. сияқты жеке тұлға ретінде қалыптастыратын қасиеттерін жақсы білу әрі дәл анықтай алу;
- Тәрбиелеу барысында кездескен қиындықтарды жеңе білуге, күрделеніп отыратын тәрбиелік іс-шараларға әрбір студентті тарта білу керек, бұл жеке тұлғаның ілгері (дұрыс) дамуын қамтамасыз етеді;
- Мақсатқа жету жолында кездесетін кедергілердің себептерін дер кезінде анықтап, жойып отыру қажет, егер де бұл себептерді уақытында анықтай алмаса жаңа қалыптасқан жағдайға қарай оқыту тактикасын тез арада өзгерту керек. Жеке тұлғаның өздігінен білім алу, өз-өзін тәрбиелеуге ұмтылысын ескере отырып, оған мақсатына жету жолында дұрыс таңдау жасауына көмектесу керек;

- Жетекші болып қана жүру аз, мұның бәрін дұрыс ұйымдастырып, студенттің дербестігін, бастамашылдығын, өнерпаздығын дамытып, табысқа жету жолына бағыттап білу керек.

Бұл жолда ең өнімді тәсіл бұл «дәрігер – ұстаз – науқас – студент – болашақ дәрігер» үштігінің арасындағы сұхбат.

ЖОО-ның оқытушылары жеке тұлғалық – бағыттық оқытуды тиімді және келешегі зор тәсіл ретінде кеңінен қолданулары керек. Студенттермен сабақтың (семинар, тәжірибелік сабақтар, зертханалық тәжірибе) қалай ұйымдастырылғанын, оқытудың жеке – тұлғалық – бағыттық тәсілін пайдалана отырып қарастырайық (Таблица 1).

## 1 Кесте

### Дәстүрлі және жеке тұлғалық – бағыттық сабақ жүргізуде педагог шеберлігіне берілген салыстырмалы мінездеме

Дәстүрлі сабақ	Жеке тұлғаға – бағытталған сабақ
Барлық студентті білімге, шеберлікке және дағдыға бірдей қалыптасқан көлемде ғана баулу.	Студенттің өзіндік жеке тәжірибесін тиімді жинақтауға ықпал етеді.
Оқу тапсырмаларын, жұмыс түрін бөліп беріп, оның дұрыс орындалу үлгісін көрсетеді.	Әр түрлі оқу тапсырмалары мен жұмыс түрлерін тандауды ұсынады да, бұл тапсырмалардың шешімін әр студент жеке, өз бетінше ізденуі үшін, оларды ынталандырады.
Оқу материалында бар нәрселерге ғана қызықтыруға тырысады.	Студенттердің нақты қызығушылығын анықтауға тырысады және олармен келісе отырып оқу материалдарын тандап, ұйымдастырады.
Үлгері алмайтын студенттермен қосымша жеке сабақ жүргізуді жоспарлайды.	Әр студентпен жеке жұмыс жүргізеді.
Студенттің жұмысын жоспарлайды.	Студенттерге өз жұмысын өз бетінше жоспарлауына көмектеседі.
Студенттердің жұмыс нәтижесін бағалайды, олар жіберген қателерді анықтайды және шешеді.	Студенттерді жұмыс нәтижелерін бағалауды, өз бетінше жасауын және жіберілген қателерді түзетуге ынталандыру

Осылайша, жеке тұлғалық – бағыттық оқыту, әрбір жеке студенттің қабілетіне қарай оқу материалдарын әр түрлі дәрежеде (базалықтан төмен емес) игеруіне мүмкіндік береді.

Студенттің ақыл-ой қабілетін дамыту құралдары болып жеке тұлғаны дамытуға ұмтылу, шығармашылық еркіндік беру және өз бетінше еңбектену арқылы белсенді танымдық жұмыс жүргізуге мүмкіндік туғызу болып табылады.

Жас ұраптың сапалы білім алуға деген ұмтылысына байланысты соңғы уақытта кең қолданысқа ие болған даралап оқыту тәсілі, студенттердің өзін-өзі дамытуына әрі өзін-өзі жетілдіруіне зор мүмкіндік береді.

Осылайша жеке тұлғаға бағыттап оқыту, тиімділігі жағынан дәстүрлі оқыту әдісінен анағұрлым жемісті, алайда оқытудың бұл түрінің студент үшін де, оқытушы үшін де өзіндік қиындығы мен күрделілігі де бар. Бұл танымдық – білімдік оқыту технологиясының нәтижесі білім алушының өз мүмкіндіктерін кеңінен жүзеге асыруға жол ашады, білім сапасын көтереді. Сапалылығына тағы бір дәлел, күрделі мәселелерді шешуде қалыптан тыс әдіс-тәсілдер пайдалану мүмкіндігі әсіресе болашақ дәрігерлер үшін маңызды. Оқытушы мен студент арасындағы тығыз байланыс студенттердің білімін кеңейтсе, оқытушыға өз қарамағындағылардың жеке басы және психологиялық ерекшеліктерін зерттей отырып, өз біліктілігін көтеруге мүмкіндік береді.

Студенттің әлсіз және күшті жақтарын білген соң, оқытушы соған сай оқытудың әдіс-тәсілдерін пайдаланады.

Жеке тұлға-бағыттық оқытуды дамыту мен пайдалану дипломға дейінгі жүйеде ғана емес, жоғарғы оқу орнынан кейінгі үздіксіз білім беру жүйесінде де келешегі зор әдіс болып табылады. (<http://www.medbio-kgmu-ru/cgi-bin/go.pl?i=549>).

С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ оқытудың инновациялық әдістерін енгізіп, дамытуға ұмтылуда, оның ішінде жеке тұлғалық-бағыттық тәсіл де бар. Университетіміз таңдаған, дамудың ұтымды бағыты болып табылатын құзырлық әдісі, студенттерді оқытудың даралық үрдісін және базалық әрі кәсіптік білім беруді дамытуға бағытталған жекеше білім беру траекториясына негізделеді. (А.А.Ақанов және қосалқы авторлар 2010). Мұндай «даралап оқыту» жеке тұлғалық-бағыттық оқытудың жалпы тенденциялық көрінісі болып табылады. Оқытудың жеке тұлғалық – бағыттық үрдісін ұйымдастыруға оқу жоспары мен 2006 жылғы МЖБС (аясынан) шықпай-ақ «жекелеп оқыту траекториясын» талдап енгізу жоспарлануда. Бұл және студенттің өз білімін, шеберлігін жетілдіруді қамтамасыз етеді әрі кәсіптік дайындық үрдісіндегі негізгі білімді біртіндеп меңгереді. Жеке-даралап оқыту студент пен оқытушы арасындағы мақсатты білім беру бағдарламасына негізделеді, яғни бакалавр қызметіндегі жеке кәсіптік қалыптасуына кәсіби дайын болуда тұлғалық потенциалын толық жүзеге асыра алады. (А:А:Ақанов 2010). Жеке тұлғалық потенциалға қызмет ету, танымдық шығармашылық, коммуникативтік (қарым-қатынас) және басқа да студент қабілеттерінің жиынтығы жатады. Студент бойындағы осы қабілеттерді анықтау жүзеге асыру әрі дамыту-медицина университетінің инновациялық бағыты.

ҚазҰМУ болашағы зор білім беру бағдарламалары мен бағыттарын енгізуші ретінде, оқытудың жеке тұлғалы-бағыттық тәсілін пайдаланады әрі дамытады.

Осылайшы «жеке тұлғалық-бағыттық» деп аталатын білім берудің инновациялық үрдісі студентті жеке тұлға ретінде құрметтеуге негізделеді, оқытушы мен студент арасында тең құқылы, сенімді қатынас орындауын, студенттің өз бетінше әрекет етуін қалыптастырады.

#### 4 - тарау. Медицинадағы мәселелі – бағдарлы оқыту

Еңбек нарығының дамуы, тұрғындардың жалпы білімдік – мәдени деңгейі, көп сатылы білім беру моделдерін кредиттік технологияға енгізуге байланысты кәсіби кадрларды дайындауда мәселелер туындауына байланысты, тек жақсы ақпарат алып қана қоймай, жоғарғы оқу орындары қабырғасында алған ақпараттар негізінде, қоғамда қалыптасқан өзекті мәселелерді шешу үшін ғылыми-техникалық прогресті дамыту және оның талаптарына сай болуы тиіс. Осы мақсатқа жету үшін Еуропа мен Америка елдері оқу орындары жүйесіне (МБКО, PBL) мәселелі – бағдарлы оқыту әдістемесі енгізілді және бұл әдіс Еуропа мен Америка медициналық университеттерінде кеңінен пайдалануда. Мәселелі –бағдарлы білім беру немесе PBL өзіндік білім беру стилінде педагогикалық стратегияны немесе ерекше идеологияны көрсетеді, әлемдік ақпараттық ресустарға негізделген, дәлелденген барынша пайдалану кезінде нақты өмірлік ситуациялар материалдарды игерген терең, белсенді, тұрақты түрде игеруге мүмкіндік береді. (Володин Н.Н., 2000). Медицина білімінің бір саласы болып табылғандықтан, проблемалық әдіспен оқытудың көбірек пайдасы болуы мүмкін. Мәселелі бағдарлы оқытудың ерекшелігі білімнің танымдық, белсенділік, практикалық білім мен теориялық білімді үнемі кеңейту, сондай-ақ проблемаларды жылдам игеруде, дамыту, өз күшіне сенімділік танытқан және өз бетінше әрекеттенген кезде көбірек тиімді болып табылады. Мәселелі – бағдар көрсетіп оқыту алған білім дағдыларын қорытындылау және қалыптастыру, консенсус жетістік формалары, ақпараттық кеңістікті бағдарлау қабілеттілігі, мультидисциплинарлы ситуациядан дұрыс шығу жолдарын нақты қалыптастыруға үйретеді. Проблемалық оқытудың қажеттілігі студенттер PBL кезінде «шығу мәліметтерін» пайдаланып сценарий немесе проблемалық жағдайлардан өзіндік өзіндік оқу мақсатарын анықтайды. Соңынан олар тәуелсіз мақсатқа бағытталған зерттеулер жүргізіп, алған білімдерін дамытып, жетілдіріп және талқылап отырады.

Осындай жолмен, PBL – дің маңызы нақты мәселелерді шешу үшін емес, қосымша білім мен дағдыны осындай әдіс мәселесі негізінде пайдалану қабілетіне ие болады.

Мәселелі – бағдарлы оқытудың ең маңызды шарты оқушылар арасында белсенді қарым – қатынасын орнатып, мәселелерді жан-жақты үйрену және тіршілікке қабілетті шешімдерді шешу. Дәстүрлі нұсқаулардан ерекшелігі, мәселелі – бағдарлы оқыту сабақ түрінде аудиторияларда, шағын топтарда, оқытушымен пікірталас түрінде, дәріс курсынан алған материал бойынша өтіледі. (ASPY, ASPY В Ouim by, 1993 Brides § Hallinder, 1991). Студенттер өзінің оқу-үйренушісіне үлкен жауапкершілік алады – мәселелі – бағдарлы оқыту нақты императивті нұсқаулар көлемімен анықталады (Brides § Hallinder, 1991). Бұл кезде оқытушының рөлі талқыланатын мәселе жөніндегі эксперт, ақпарат көздерін пайдалану жөнінен жетекші және топтық тапсырманы орындау кеңешісі болуы мүмкін.

Осындай жолмен мәселелі – бағдарлы оқытуда оқытушы рөлі мәселелерді белсенді талқылаудан, оқушылардың өзара толықтырған жұмыстарын қамтамасыз етуден, алынған ақпарат мүмкіндіктерінің сәйкестігінен, талқылауды жүргізуге қолдау білдіруден тұрады (Uoyd – jomes C., targetsjn D., Bligh J.C. 1998).

Мұндай қарым-қатынас түрі барлық сұрақтарды жемісті талқылауға, жетістікке жетуіне, одан да маңыздысын есте көбірек сақтауға мүмкіндік береді, оқытушының авторитарлық пікірінен құтқарады. (Vernon, Blake, Володин Н.Н. авт. 2000). Сондай-ақ, МБКО-ны пайдалану студенттердің төмендегідей дағдыларды игеруін болжайды, олар:

- Командамен жұмыс;
- Топқа жетекші болу арқылы көшбасшылық қасиетті меңгеру;
- Пікірсайысқа белсенді қатысу және тыңдай білуге үйрену;
- Бірлесіп жұмыс істеу және өзара іс-әрекет, көзқараспен пікір алмасу;
- Әріптес көзқарасына сыйластықпен қарау;
- Әдебиеттерге сыни баға беру;
- Ресустарды пайдаланып, оны мақсатқа бағыттап үйрену;
- Презентация жасау дағдыларын игеру.

Сонымен бірге, топ оқушылары коммуникативтік қасиетке ұштасатын білім мен дағды, тапсырмаларды өзара шешу мен ақпарат алмасу, ойлау тәуелсіздігі, өз пікірін дәлелдеу, оқуға деген жауапкершілік сияқты керекті білім мен дағдыны алады. Мәселелі – бағыт көрсетіп оқытуды шағын топтарда, сондай-ақ семинар мен тәжірибелік сабақтарда медициналық жоғары орындарында оқыту ең жақсы әдіс болып табылады. Проблемалық – бағдарлы оқыту білім мен дағдының үйлесім табуымен және жоғары оқу орындарындағы біліктілік тұрғысынан оқытуды толықтырады.

Студенттерге клиникалық материалдарды клиникалық тәжірибеде негізгі ғылыми принциптер тұрғысынан түсінуге мүмкіндік береді.

Мәселелі – бағдарлы оқытудың жоғарыда аталған әдістерінің келесі жетістіктерін атап көрсеткен жөн:

- Ғылыми, шығармашылық тұрғысынан логикалық ойлауға үйрену;
- Керекті білімге өзіндік шығармашылық ізденіс;
- Кездесетін қиындықтан шығу жолдарын табу;
- Дәлелдеу базасын құруға үйрену;
- Оқу материалдарын жетік меңгеруді үйрену;
- Білімге деген сенімділікті нығайту;
- Оқып-үйренуге жағымды эмоционалдық бағыт қалыптастыру;
- Танымдық қызығушылықты дамыту және қалыптастыру;
- Шығармашылық тұлға қалыптастыру.

#### **4.1.1. Кәсіби мамандарды дайындау әдісі ретіндегі мәселелі – бағытталған оқытуды құрудың және дамытудың тарихы**

